

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ – ЕСТЕСТВОЗНАНИЕ – NATURAL SCIENCES

МРНТИ 34.01

ВЛИЯНИЕ СПОСОБОВ ОБРАБОТКИ ПОЧВЫ НА ПОРАЖАЕМОСТЬ САХАРНОЙ СВЕКЛЫ ГНИЛЯМИ

Л.Е. Ануарова¹, А.А. Мауи¹, М.О. Айтжанова¹

¹Казахский государственный женский педагогический университет
(г. Алматы, Казахстан)

Аннотация

В статье приведены влияние разноглубинной вспашки зяби на пораженность сахарной свеклы гнилями корнеплодов, что оказалось несущественным. В тоже время установлено значительное влияние сроков вспашки зяби. Показана эффективность ранней вспашки зяби (2-я декада августа), как приема основной обработки почвы по типу полупара по сравнению с поздним сроком ее проведения (3-я декада сентября) при совместном внесении рекомендуемых норм удобрений. При ранней вспашке пораженность сахарной свеклы гнилями корнеплодов в среднем составляла 9,0%, что 1,7 раза меньше, чем в контроле (15,3%), а прибавка урожая- 266,2 ц/га (в контрольном варианте-231,6 ц/га).

Междурядное рыхление в условиях орошения является важным агротехническим приемом, улучшающим водно-физические свойства почвы. Глубокое рыхление междурядий (на 20-22 см) после вегетационных поливов способствовало снижению поражения свеклы гнилями корнеплодов более чем 1,5 раза по сравнению с вариантом, где рыхление почвы проводилось на глубину 10-12 см.

Ключевые слова: сахарная свекла, гнили корнеплодов, вспашка зяби, рыхление, сроки вспашки, пораженность, удобрение.

Большое значение в системе агротехнических мероприятий по борьбе с гнилями корнеплодов имеют приемы возделывания почвы и ухода за посевами. Выбор средств, способов и сроков обработки почвы зависит от физических, механических свойств почвы и агроклиматических условий зоны [1, 2].

Основная обработка почвы является одним из важных агротехнических приемов, оказывающих многостороннее воздействие на ее плодородие. Она способствует повышению биологической активности почвы, улучшению водно-физических свойств и ряда других показателей. Все это в комплексе оказывает как прямое, так и косвенное воздействие на нормальное течение физиолого-биохимических процессов в растениях свеклы на протяжении всего вегетационного периода.

Для ограничения развития возбудителей болезней важна осенняя обработка почвы. На поверхности почвы и в ее верхнем пласте всегда имеются семена сорняков и растительные остатки, пораженные грибами. При запахивании растительные остатки с инфекционным материалом оказываются в нижнем слое и уничтожаются. Поэтому на полях с высокой инфекционной нагрузкой рекомендуется возделывание почвы на максимальную глубину [3]. Хотя среди исследователей нет единого мнения относительно наиболее эффективного способа основной обработки, его необходимость как профилактического мероприятия не вызывает сомнения (рис.1).

Замена обычной пахоты плоскорезной обработкой на ту же самую глубину почвы способствует увеличению количества ветвистых корнеплодов [5]. После такой обработки в низинах и на участках с высоким уровнем грунтовых вод вследствие слабой аэрации и закисления нижних слоев почвы усиленно развиваются фузариозная, бурая и хвостовая гнили корнеплодов.

В исследованиях Пишкуновой с соавторами [6] установлено значительное влияние отвальной и безотвальной обработки на количество почвенных фитопатогенов.

Максимальные количественные показатели установлены при безотвальной обработке почвы (особенно для видов *Fusarium spp.*), а минимальные - при отвальном способе.

В 2011-2013 гг. в условиях естественного инфекционного фона совместно с сотрудниками Каз НИИЗ изучалось влияние разнотрубинной вспашки зяби на пораженность сахарной свеклы гнилями корнеплодов.

В 2011 г. отмечено отсутствие существенной разницы в поражении корнеплодов гнилями во всех вариантах опыта. Очевидно, в большой степени это связано с тем, что основная обработка почвы производилась по организационным причинам не с осени предыдущего года, а весной перед посевом. Известно, что весенняя вспашка на разную глубину в условиях сильной инфекционной нагрузки поля не позволяет подавлять заболевания, тем более, если учесть физиологическое состояние растений свеклы, вызванное пересевом (табл. 1).

Таблица 1. Влияние глубины вспашки зяби на поражение сахарной свеклы гнилями корнеплодов в период вегетации, %

Варианты вспашки зяби	Поражаемость гнилями корнеплодов, %		
	2011	2012	2013
I. На глубину 30см - контроль	5,5	59,2	48,4
II. На глубину 40 см	4,5	53,5	52,4
III. На глубину 50 см	6,0	60,0	50,1
НСР ₀₅	3,1	7,6	5,3

В последующие 2012-2013 годы отмечено значительное проявление гнилей корнеплодов. В 2012 году пораженность свеклы гнилями была несколько большей, чем в 2013 году. Однако существенных различий по вариантам опыта не наблюдалось.

Данные по численности грибов рода *Fusarium* в почве в зависимости от глубины вспашки зяби свидетельствуют о том, что инокуляционный потенциал почвы по всем вариантам опыта увеличивается к концу вегетационного периода. При этом существенных различий по вариантам опыта по сравнению с исходным количеством грибов *Fusarium* не наблюдается (табл. 2).

Таблица 2. Влияние способов основной обработки почвы на численность грибов рода *Fusarium*, 2011-2012 гг.

Варианты	2011		2012	
	в начале вегетации	в конце вегетации	в начале вегетации	в конце вегетации
I. На глубину 10см - контроль	44,1	57,0	38,4	50,6
II. На глубину 40 см	45,7	50,0	31,9	47,4
III. На глубину 50 см	48,3	49,0	-	-

Известно, что большое значение в борьбе с гнилями корнеплодов имеет внесение удобрений. Сочетание соблюдения норм удобрений и основной обработки почвы могут значительно снизить вредоносность болезни. Исходя из этого, были проведены исследования влияния сроков основной обработки почвы и внесения органических и минеральных удобрений на интенсивность проявления гнилей корнеплодов.

Эффективность различных сроков основной обработки почвы и норм удобрений против гнилей корнеплодов изучали в 2013-2014 гг. в стационарных опытах. Вспашка зяби в опытном варианте проводилась на 37 дней раньше, чем в контроле. Предшественником свеклы были однолетние травы, посеянные по сахарной свекле, идущей по обороту пласта

трехлетней люцерны. Отличие почвенных условий опытного поля состояло в поверхностном залегании грунтовых вод.

В результате опыта установлена существенная эффективность изучаемых приемов в ограничении болезни. В среднем, в вариантах опыта с ранними сроками основной обработки пораженность сахарной свеклы гнилями корнеплодов составила 9,0 %, что 1,7 раза меньше, чем в контроле (15,3%). Это способствовало существенному повышению продуктивности сахарной свеклы, прибавка в урожае составила 34,6 ц/га (в контрольном варианте – 231,6 ц/га), сахаристость повысилась на 0,7 % (табл. 3).

Полученные данные показывают существенное преимущество ранней вспашки зяби (2-декада августа) как приема основной обработки почвы по типу полупара по сравнению с поздним сроком его проведения (3-декада сентября). В соответствии с данными многих авторов, полученный эффект от обработки почвы по типу полупара объясняется позитивными изменениями в ценозе почвенных микроорганизмов вследствие улучшения водно-физических свойств почвы, газообмена и теплового режима в пахотном горизонте за счет более продолжительного действия активной температуры в осенний период на фоне ранней зяблевой вспашки [7].

Согласно нашим результатам установлено, что эффективность ранней зяблевой вспашки повышается при сочетании ее с оптимальными дозами макро- и микроудобрений. Достоверное снижение поражаемости гнилями отмечено по трем из четырех опытных вариантов (2, 4, 5 варианты) в пределах от 6,2 до 10,7% при уровне пораженности контрольного варианта в 15,3%. За контроль принят первый вариант опыта, применение органо-минеральных удобрений в котором соответствует рекомендуемым агрохимслужбой нормам. Урожайность всех четырех вариантов больше по сравнению с контролем на 21,0-47,3 ц/га.

Среди исследованных вариантов наиболее эффективным оказался пятый вариант, где ранняя зяблевая вспашка по фону органо-минеральных удобрений дополнялась подкормкой азотным удобрением в начальный период вегетации и применением микроэлементов бора в смеси с цинком. В результате этого сбор сахара по данному варианту оказался самым высоким - 38,5 ц/га, когда по контрольному варианту получено всего 29,9 ц/га.

Известно, что при интенсивной технологии выращивания сахарной свеклы система ухода за посевами играет особую роль [8, 9]. Основные требования: поддержание почвы в рыхлом состоянии, предотвращение образования почвой корки, борьба с сорняками и, таким образом, улучшение условий роста растений.

Для сохранности густоты стояния сахарной свеклы в течение вегетации необходимо проводить рыхление междурядий. Необходимость в этом приеме устанавливают в зависимости от количества осадков, плотности почвы, засоренности и развития растений. Наиболее эффективным оказалось трехразовое рыхление междурядий [5].

Рыхление междурядий также способствует снижению количества сорняков в посевах. Сорняки, в первую очередь, являются конкурентами сахарной свеклы в использовании элементов питания и влаги.

Таблица 3. Влияние сроков зяблевой вспашки и норм удобрений на поражаемость и продуктивность сахарной свеклы

Сроки основной обработки	Нормы удобрений	Количество пораженных растений, %	Урожайность, ц/га	Сахаристость, %	Сбор сахара, ц/га
Поздняя зябь	Фон + 2 подкормки азотом	15,3	231,6	12,9	29,9
Ранняя зябь	Фон + 2 подкормки азотом	10,7	261,9	13,3	34,8
Ранняя зябь	Фон + 2 подкормки + М	11,4	252,6	13,8	34,9

Ранняя зябь	Фон +1 подкормка азотом	7,8	271,3	13,5	36,6
Ранняя зябь	Фон +1 подкормка азотом + М	6,2	278,9	13,8	38,5
НСР ₀₅		4,1	19,7	0,49	

Примечания: Фон – 40 т навоза + N₁₂₀P₉₀K₆₀; М – микроудобрения – борная кислота (0,5 кг/га) + сернокислый цинк (0,7 кг/га). Ослабленные растения становятся более восприимчивыми к возбудителям корневых гнилей. Кроме того, на некоторых сорняках, особенно из семейства маревых (*Chenopodiaceae*), могут развиваться возбудители болезней сахарной свеклы.

Междурядное рыхление содействует лучшей аэрации почвы, ограничивает развитие обычной и поясковой парши, фузариозной, бурой и других гнилей корнеплодов в период вегетации. Более глубокое рыхление междурядий и дренирование рекомендуется в низменных участках, где часто наблюдается сильное развитие гнилей корнеплодов.

В условиях орошения с неровным микрорельефом почти все почвы под посевами сахарной свеклы склонны к заплыванию и уплотнению. С каждым поливом уменьшается мощность увлажненного слоя. Поэтому улучшение водно-физических свойств почвы в течение вегетационного периода возможно только путем своевременных качественных рыхлений.

Для этой цели рекомендуется проводить междурядное рыхление почвы после первого полива на глубину 10-12 см с постепенным доведением ее до 16-18 см.. Нами изучалось влияние данного приема на пораженность сахарной свеклы гнилью корнеплодов в условиях естественного инфекционного фона (табл. 4).

Таблица 4. Влияние способов рыхления почвы в междурядье на поражение сахарной свеклы гнилями корнеплодов и численность грибов рода *Fusarium*, 2013-2015 гг.

Рыхление почвы в междурядьях	Степень развития болезни, %		Количество грибов рода <i>Fusarium</i> , тыс.шт./г. почвы	
	июль	сентябрь	Апрель	сентябрь
На глубину 10-12 см	4,5	7,5	44,1	57,0
На глубину 16-18 см	4,0	4,5	50,4	50,6
НСР ₀₅	0,2	2,1	5,3	5,8

Более глубокое рыхление междурядья после вегетационных поливов способствует некоторому снижению поражения свеклы гнилью корнеплодов. Об этом свидетельствуют данные учетов развития заболевания в период его интенсивного проявления (июль) и перед уборкой (сентябрь). Так, если в первом случае степень развития гнилей по вариантам опыта была почти одинаковой, то к концу вегетации по второму варианту, где рыхление проводилось на глубину 16-18 см, оно остается на прежнем уровне, тогда как в первом варианте 10-12 см отмечается нарастание его более, чем в полтора раза. Схожие данные получены по динамике численности зачатков грибов рода *Fusarium* в почве.

Список литературы:

1. Барштейн Л.А., Якименко В.М., Шкаредний І.С., Кисилівська М.О., Одерхівський А.Ф., Петрова О.Т., Зоря С.Ю., Горобець А.М. Ефективність різних способів та глибини обробітку ґрунту під цукрові буряки// Виснов. наук. - дослід. робіт за 1993 рік. – К.:ІЦБ.
2. Погребняк С.П., Шаповал М.П., Захарова В.В. Агротехніка: від сапи до індустріальних методів // Цукрові буряки. - 1998.- №1. - С.11-12.

3. Когут Г.С. Влияние некоторых приемов агротехники на ограничение заболевания сахарной свеклы корнеедом в условиях зоны недостаточного увлажнения Лесостепи УССР // Эффект. меры борьбы с болез. и вредит. при интен. техн. воздел. сахарной свеклы. - К.:ВНИС.
4. Koch H., Marlander B. The role of soil cultivation in the integrated production of sugar beet // 57-th winter Con. IIBR. (Brussels, Jan. 16-17, 1994). - 1994. - P. 1-25.
5. Роїк М. В., Нурмухаммедов А.К., Корнієнко А. С. Хвороби коренеплодів цукрових буряків: коренейд сходів, гнилі коренеплодів у період вегетації, ризоманія, непаразитні хвороби. - Київ: ПоліграфКонсалтинг, 2004. – 213 с.
6. Пишкунова Э. А., Вертельник Е. Ю., Выродов А. Влияние агротехнических приемов на формирование почвенной микрофлоры свеклы // Труды Кубанс. Гос. аграр. Универ.- 1993.- №332.- С.110-116.
7. Барштейн Л.А., Якименко В.М., Одерхівський А.Ф., Петрова О.Т. Глибока оранка під буряки. Чи завжди доцільно? // Цукрові буряки. 1998. - №6. - С. 9-10.
8. Агротехнические приемы защиты сахарной свеклы от вредителей, болезней и сорняков: Рекомендации / Пожар З.А., Коломиец А.П., Тищенко Е.И. и др. - М.: Агропромиздат, 1988. – 21с.
9. Погребняк С.П., Волоха М.П. Передпосівний обробіток ґрунту з найменшими енерговитратами // Цукрові буряки. - 1998. - №3. - С. 21-22.

Аннотация

Топырақты әртүрлі өңдеудің қант қызылшасының шірік ауруына әсері

Л.Е. Ануарова¹, А.А. Мауи¹, М.О. Айтжанова¹

¹Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

(Алматы қ., Қазақстан)

Мақалада әртүрлі тереңдікке сүдігер жыртудың қант қызылшасының тамыр жемісі шірігіне әсері туралы келтірілген. Сонымен бірге, әртүрлі сүдігер жырту мезгілінің ауруға әсері де анықталды. Ұсынылған қалыптағы тыңайтқыштарды бірлесе сепкен кезде тамыздың үшінші он күндігімен салыстырғанда, тамыздың екінші он күндігіндегі сүдігерді ерте жыртудың тиімділігі көрсетілген. Жердің ерте жыртылуынан қант қызылшасының тамыржемістердің шіріктерімен зақымдалуы орта есеппен 9,0% құрайды, ол бақылаудағымен (15,3%) салыстырғанда 1,7 пайызға төмен, ал өнімнің түсімі 266,2 ц/га (бақылаудағы нұсқада -231,6 ц/га).

Суғару жағдайындағы қатараралық өңдеу маңызды агротехникалық тәсілдердің бірі болып табылады. Ол топырақтың сулы-физикалық қасиетін жақсартады. Вегетациялық суғарудан кейінгі қатараралық терең өңдеу (20-22 см.) нәтижесінде қант қызылшасының тамыржемістердің шіріктерімен зақымдалуы 10-12 см тереңдікте өңделген топырақ нұсқасымен салыстырғанда 1,5 пайызға төмендеді.

Тірек сөздер: қант қызылшасы, тамыржемістерінің шіріктері, сүдігер жырту, өңдеу, жер жырту уақыты, зақымдалу, тыңайтқыш.

Annotation

Influence of methods of soil cultivation on sugar beet affection by rot

L.E. Anuarova¹, A.D. Maui¹, M.O. Aitzhanova¹

¹Kazakh State Women's Teacher Training University

(Almaty c., Kazakhstan)

The article shows the influence of the deep-fall plowing of fallow land on the damage to sugar beet rot of root crops, which turned out to be insignificant. At the same time, a significant influence of the plowing time has been established. The efficiency of early fall plowing (the 2nd decade of August) is shown as the reception of the main soil cultivation by the type of half-steam in comparison with the late period of its carrying out (3rd decade of September) with the joint application of recommended fertilizer rates. In early plowing, the damage to sugar beet rotated on root crops averaged 9.0%, which is 1.7 times less than in the control (15.3%), and the yield increase was 266.2 c / ha (in the control variant-231, 6 q/ha). In-line loosening under irrigation conditions is an important agrotechnical technique that improves the water-physical properties of the soil. deep loosening of rows between rows (by 20-22 cm) after vegetative irrigation helped reduce the damage to the beets by rotting root crops more than 1.5 times compared to the variant where loosening of the soil was carried out to a depth of 10-12 cm.

Keywords: sugar beet, rot of root crops, plowing plowing, loosening, timing of plowing, defeat, fertilizer.

ЛАТЫН ӘЛІПБИІНІҢ ХИМИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ МАҢЫЗЫ.

М.А. Нурбекова¹, Н.Ә. Жуманова¹

¹Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті
(Алматы қ., Қазақстан)

Аннотация

Тіліміз тәуелсіздік тәжін кигеннен бері көптеген қазақ тілшілері латын әліпбиіне көшу мәселесін көтеріп келеді. Латын әліпбиіне көшу туралы ой-пікірлер 1926-1929 жылдардан бастап бастау алғаны баршамызға тайға таңба басқандай белгілі.

Қазақ тіл білімі тарихында 1929 жылы қазақ жазуы ресми түрде латын әліпбиіне көшкен. Сонымен қатар, 1929-1940 жылдар аралығында латын әліпбиі қолданыста болған еді. Ұлтымыздың басынан үш алфавит жүйесін өткергендігін білеміз. Олар: біріншіден, араб әліпбиі (1929 ж. дейін), екінші - латын әліпбиі (1929-1940 жж.), үшіншісі - кириллицаға негізделген қазақ әліпбиі (1940жылдардан бүгінге дейінгі қазіргі әліпбиіміз). Яғни латын әліпбиі бізде болған, біз сол әліпбиге қайта оралудамыз. Біз латын әліпбиіне көше отырып өркениетті елдердің қатарына қосылып, тіліміздегі дыбыстық жүйелерді нақты анықтап, қазақ тілінің жазылуы мен дыбысталу кезінде басы артық кірме сөздерден арыламыз. Латын әліпбиіне көшу, сайып келгенде ана тіліміздің болашағын ойлап, оның қолданыс аясын одан әрі кеңейте түсуге, мәртебесін көтеруге мүмкіндік жасау деп түсіну керек. Әліпбиді ауыстыру ең алдымен тілдік қажеттілік. Бұл еліміздің болашағы үшін жасалған тың қадам. Бұл бастама саналы түрде жан-жақты ойластырылып жүзеге асырылған жоба.[1,2]

Тірек сөздер: латын алфавиті, қазақ тілі, кириллица, білім саласы, химия пәні.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2017 жылы 12 сәуірде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «Біріншіден, қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық» деп айтқан еді. 1929 жылғы 7 тамызда КСРО Орталық Атқару Комитеті мен КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің Президиумы латындандырылған жаңа әліпбиі – «Біртұтас түркі алфавитін» енгізу туралы қаулы қабылдады. Латын әліпбиінің негізінде жасалған жазу үлгісі 1929 жылдан 1940 жылға дейін қолданылып, кейін кириллицаға ауыстырылды. 1940 жылғы 13 қарашада «Қазақ жазуын латындандырылған әліпбиден орыс графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру туралы» заң қабылданды. Сондай-ақ, Елбасымыз өзінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Мемлекет өз тарапынан мемлекеттік тілдің позициясын нығайту үшін көп жұмыс атқарып келеді. Қазақ тілін кеңінен қолдану жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыруды жалғастыру керек. Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады» – деп латын әліпбиіне көшудің қажеттілігін атап өтті. Қазақ жазуы бірнеше рет өзгеріске ұшырады. Жазу тарихында қазақ тілінің әліпбиі жүйесі бірнеше тарихи кезеңдерді басынан өткізіп, ұлттық әліпбиі деңгейіне жеткен. [3]

Латын әліпбиіне көшудің әр ғылым саласы бойынша да көрінер ерекшеліктері бар. Әсіресе техника ғылымдарында, медицина ғылымдарында айтарлықтай орны бар деп айтуға болады. Барлық химиялық элементтердің таңбасы да, атауы да латын тілінде екені белгілі. Химиялық элементтердің таңбаларының барлығы латынша атауынан қысқартылып алынған. Химиялық элементтер — ядродағы зарядтары бірдей болып келетін атомдар тобы. Табиғатта кездесетін барлық жай және күрделі заттар химиялық элементтерден түзіледі. Химиялық элементтер аты латынша атауының бір немесе екі алғашқы әріптерімен белгіленеді, мысалы, азот N (лат. Nitrogenium), алюминий Al (лат. Aluminium), т.б. молекуласы бір ғана элемент атомдарынан құралған.

Барлық дүниежүзі бойынша химиялық элементтердің, химиялық қосылыстардың латынша атаулары қабылданған және әлемнің қай мемлекетінде болса да, қай тілде сөйлесе де олар сол химиялық элемент пен химиялық қосылыстардың атауларын сол латын тілінде түсінеді және өз тіліне аударды. Жалпы химиктер, химик-ғалымдар кез-келген химиялық элемент пен қосылысты латын тілінде таниды. Яғни химияның ортақ бір тілі- сол латын тілі деп атауға толық негіз бар. Сондықтан қазақ әліпбиінің латын таңбаларымен белгіленгені пайдалы болмаса зияны жоқ деп ойлаймыз.

Мысалға төмендегі бірнеше элементтердің атауларын келтірейік:

Кесте- 1. Негізгі химиялық элементтердің атауы

Химиялық элемент	. Латынша атауы	Қазақша атауы
Al	Aluminium, -ii (n)	алюминий
Ag	Argentum, I (n)	күміс
As	Arsenicum, i (n)	мышьяк
Au	Aurum, i (n)	алтын
B	Bromum, i (n)	бром
Ba	Barium, i (n)	барий
Bi	Bismuthum, i (n)	висмут
C	Carboneum, i (n)	көміртек
Ca	Calcium, i (n)	кальций
Cl	Chlorum, i (n)	хлор
Cu	Cuprum, i (n)	мыс
F	Fluorum, i (n) (лат.) seu Phthorum (греч.)	фтор
Fe	Ferrum, i (n)	темір
H	Hydrogenium, i (n)	сутек
Hg	Hydrargyrum, i (n)	сынап
I	Iodum, i (n)	йод
K	Kalium, i (n)	калий
Li	Lithium, i (n)	литий
Mg	Magnesium, i (n) seu Magnium, i (n)	магний
Mn	Manganum, i (n)	марганец
N	Nitrogenium, i (n)	азот
Na	Natrium, i (n)	натрий
O	Oxygenium, i (n)	оттек
Pb	Plumbum, i (n)	қорғасын
Ph	Phosphorus, i (m)	фосфор
S	Sulfur, Kris (n)	күкірт
Si	Silicium, i (n)	кремний
Zn	Zincum, i (n)	мырыш

Енді осы кестенің соңғы бөлігі қазіргі кириллица алфавитімен қазақша жазылған. Сол атаулар енді латын тілінде болатын болса, оқушылар элемент атауларын латынша да қазақша да тез жаттай алады және есте сақтауға көп көмегі тиеді. [3]

Латын әліпбиінде 32 әріп бар. Қазақтың төл дыбыстары апостроф арқылы белгіленген.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 26 қазандағы № 569 Жарлығымен бекітілген латын графикасына негізделген қазақ тілі әліпбиі:

№	Жазылуы	Дыбысталуы	№	Жазылуы	Дыбысталуы
1	A a	[a]	17	N' n'	[ң], [нг]
2	A' a'	[ə]	18	O o	[o]
3	B b	[b]	19	O' o'	[ə]
4	D d	[d]	20	P p	[p]
5	E e	[e]	21	Q q	[q]
6	F f	[f]	22	R r	[r]
7	G g	[g]	23	S s	[s]
8	G' g'	[ɣ]	24	S' s'	[ш]
9	H h	[x], [h]	25	C' c'	[ч]
10	I i	[i]	26	T t	[t]
11	I' i'	[и], [й]	27	U u	[ʉ]
12	J j	[ж]	28	U' u'	[y]
13	K k	[k]	29	V v	[v]
14	L l	[l]	30	Y y	[ы]
15	M m	[m]	31	Y' y'	[y]
16	N n	[n]	32	Z z	[z]

Елбасының бұйрығымен бекітілген латын әліпбиінің алғашқы нұсқасы да халыққа жол тартты. Ал осы игі бастаманың толық қолға алынып, орындалуына жұмыла кірісуіміз қажет.

Әрине бүгінгі күнде бір ғасырға жуық уақыт кириллица таңбаларымен қалыптасқан қоғамның бір күнде латын таңбаларына көшіп кетуі мүмкін емес. Ол ұзақ уақытты қажет ететін мәселе. Барлық сала бірте – бірте сатылап көшетіні белгілі. Сондықтан бірінші орында әрине білім саласы көшетіні айдан анық. Ал мектеп қабырғасын жаңа аттаған бүлдіршін бірден үйреніп кетуі мүмкін, ал жоғары сыныптар мен мектеп мұғалімдеріне үлкен еңбек етулеріне тура келеді.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 2017 жылдың соңына дейін латын қарпіндегі қазақ әліпбиінің жобасын әзірлеуді ұсынып, үкіметке қазақ тілін латын әліпбиіне көшірудің нақты кестесін жасауды тапсырды. Ал 2018 жылдан бастап жаңа әліпбиді үйрететін мамандарды және орта мектептерге арналған оқулықтарды дайындауға кірісуіміз қажет. Осылайша алдағы 2 жылда ұйымдастыру және әдістемелік жұмыстар жүргізіледі. [4]

Қазіргі уақытта ұялы телефондарда жарнамалар, хабарламалар латын әліпбиімен жазылуда. Сонымен қатар, интернет желісінде де латын әліпбиіне аударатын транскрипция орнатылған, бірақ орыс графикасында ғана жасалған, болашақта қазақ графикасында

жасалады деген ойдамыз. Латын әліпбиіне көшуде осындай бастапқы жұмыстар атқарылып отыр. [1]

Қорыта келгенде, латын әліпбиіне көшу – әлемдік тілдер қатарында өз ана тіліміздің өз орын ойып алатындығына ықпал етумен қатар, ұлтымыздың санасын бұғаудан босатады, түркі және жаһандық әлемімен ықпалдасуға, қазақ халқы ертеден қолданған әліпбиімізге қайта оралып, ұлттық санамыздың қайта жаңғыруына жол ашады демекпіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. <http://e-history.kz/kz/contents/view/6807@e-history.kz>
2. https://sputniknews.kz/trend/latin_13042017/
3. Абылайхан Жұмашев, «Ана тілі» газеті, «Латын әліпбиіне көшу: дайындық барысы қалай?», 6.11.2017 ж.
4. Ақтөбе облыстық қоғамдық саяси газет. Латын әліпбиіне көшу — тіліміз үшін жасалған игі кадам. 6.11.2017 ж.

Аннотация

Роль латинского алфавита в обучении химии

М.А. Нурбекова¹, Н.А. Жуманова¹

¹*Казахский государственный женский педагогический университет
(Алматы, Казахстан)*

Со времен получения независимости, многие казахские писатели ставили вопрос о переходе на латинский алфавит. Как известно, идея перехода на латинский алфавит началась в 1926-1929 годах.

В истории казахской лингвистики в 1929 году казахское письмо официально перешло на латинский алфавит. Кроме того, латинский алфавит использовался в период 1929-1940 гг. Мы знаем, что казахский язык прошел через три алфавитные системы: первый - арабский алфавит (до 1929 года), второй - латинский алфавит (1929-1940) и третий - алфавит, основанный на кириллице (наш текущий алфавит с 1940-х годов и до сих пор). То есть, у нас есть латинский алфавит, мы возвратились к нему. При переходе на латинский алфавит, мы попадаем в список передовых стран, определяем звуковые системы на нашем языке и удаляем излишние слова с самого начала казахского языка. Переход к латинскому алфавиту в конечном итоге следует рассматривать как будущее нашего родного языка, позволяющее ему расширять и улучшать сферу своего влияния. Алфавит - это прежде всего необходимость языка. Это новый шаг в будущее нашей страны. Эта инициатива - продуманный проект.

Ключевые слова : латинский алфавит, казахский язык, кириллица, образование, предмет химии.

Annotation

The role of the Latin alphabet in teaching Chemistry

M.A. Nurbekova¹, N.A. Zhumanova¹

¹*Kazakh State Women's Teacher Training University
(c. Almaty, Kazakhstan)*

Since the country's independence, many Kazakh writers have raised the question of switching to the Latin alphabet. As it is known, this idea appeared in 1926-1929.

In the history of Kazakh linguistics in 1929 the Kazakh letter officially passed to the Latin alphabet. In addition, the Latin alphabet was used in the period 1929-1940. We know that our nation went through three alphabetic systems: the first Arabic alphabet (before 1929), the second Latin alphabet (1929-1940) and the third alphabet based on Cyrillic alphabet (our current alphabet since the 1940s so far) .

Thus, we have the Latin alphabet, we return to this alphabet. When we pass to the Latin alphabet, we get to the list of advanced countries, we determine the sound systems in our language and remove unnecessary words from the very beginning of the Kazakh language. The transition to the Latin alphabet should ultimately be regarded as the future of our native language, allowing it to expand and improve its sphere of influence. The alphabet is first and foremost the need for language. This is a new step in the future of our country. This initiative is a thoughtful project.

Keywords: latin alphabet, kazakh language, cyrillic, education, subject of chemistry

ГТАХР 39.01

ЖЕРАСТЫ ТӘСІЛІМЕН КӨМІР ӨНДІРУ ПРОБЛЕМАЛАРЫН ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

К.А. Тлеубергенова¹, Н.Н. Карменова¹, Ш.У. Лайсханов¹, Х.Н. Кобегенова¹

¹Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті
(Алматы қ., Қазақстан)

Аннотация

Қазіргі кезде Қазақстанда 100-ден астам көмір кеніштері бар. Көмір шығару жер асты тәсілімен алынады. Көмір шығарудың басты орталықтары – Қарағанды, Саран, Абай, Шахтинск қалалары. «Қарағандагипрошахт» институты кокстелген көмір өндірісін ұлғайту үшін 2015-2025 жылдарда Қарағанды көмір бассейнінде жаңа шахта салу жоспарын белгілеп отыр. Көмір өндірудің жерасты тәсілі бойынша қазіргі заманғы техникалық және технологиялық деңгейі қарастырылуда. Жұмыс істеп тұрған шахталарда жаңа горизонттар салып, қазіргі заманғы, өндіру және үңгілеу жабдығын сатып алу қажет. Энергетиканы, металлургияны, химия өндірісін, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығын қамтитындықтан, жаңа техника мен технологияны кеңінен қолдана отырып, Қазақстан көмірінің сапасын жақсартуымыз керек. Көмірді өндіру, байыту мен брикеттеу шараларын аса жоғарғы деңгейге жеткізуіміз қажат.

Тірек сөздер: көмір кеніштері, жер асты тәсілі, кокстелген көмір, көмір бассейні, шахта, техникалық, технологиялық, департамент, тау-кен, инвестициялық.

Қазіргі кезде Қазақстанда 100-ден астам көмір кеніштері бар. Көмір шығару жер асты тәсілімен алынады. Көмір шығарудың басты орталықтары – Қарағанды, Саран, Абай, Шахтинск қалалары. Кокстік көмірдің тұтынушылары Қазақстан және Ресейдің металлургиялық зауыттары, қуаттық – темір жол көлігі, электростанциялар және өндірістік кәсіпорындар болып табылады.

Қарағандының көмірі – өте үлкен маңыздылыққа ие кен орны. Сарыарқа төсіндегі «Арселор Митталл» шахталары, сондай-ақ бұрынғы «Испад-Кармед» шахталары көмір өндірісінің табысын арттыруда. Қарағанды облысында қазіргі уақытта 11 шахта, 6 көмір разрездері мен 5 шағын көмір өндіретін кәсіпорын жұмыс істейді. Өңірде көмір өндіру 2009 жылғы 25,9 млн. тоннадан бастап 2003 жылы 32 млн. тоннаға дейін өсті. Қазақстан көмір өндіретін жетекші 10 елдің қатарында, 2007 жылы 103 млн т көмір өндірілсе, дүниежүзі бойынша өндірілетін көмірдің 12%-ы ғана экспортқа шығарылады. 2014 жылы 32,5 млн. тонна өндірілді. Көмір экспортында Аустралия мен ОАР, АҚШ жетекші орын алады.

«Қарағандагипрошахт» институты кокстелген көмір өндірісін ұлғайту үшін 2015-2025 жылдарда Қарағанды көмір бассейнінде жаңа шахта салу жоспарын белгілеп отыр. «Өңірде жоғары білікті мамандар, ғалымдар өте көп, материалдық-техникалық база да жеткілікті. Сондықтан көмір өнеркәсібін әртараптандыру, оның ішінде көмірді терең қайта өңдеу, көмір химиясын дамыту, жаңа инновациялық технологияларды енгізу, сондай-ақ қауіпсіз еңбек жағдайын құру бойынша жұмыстарды белсенді жалғастыру қажет. Алға қойылатын міндет – «көмір өнеркәсібін тұрақты дамыту үшін барлық қажетті шараларды қабылдау» болып табылады [1].

Қазақстанның көмір өнеркәсібінде мынадай проблемалар бар:

- өндірілетін көмірдің төмен отындық сипаттамасы;
- көмірді темір жол көлігімен тасымалдау тарифінің жоғарылығы;
- көмір өнеркәсібінің төменгі экологиялылығы;
- көмір өндірудің дәстүрлі - жерасты (шахталық) тәсілінің қауіптілігі;
- техникалық- технологиялық деңгейінің төмендігі.

Сала елдің негізгі көмір өндіруші облыстарының экономикасында маңызды рөлге ие болып келеді: Қарағанды облысында 4,4%-ды құрады. Егер Қарағанды облысында соңғы 20 жылда жергілікті көмірге сұраныстың төмендеуі және оны өндіріп алу жағдайларының

қиындауы салдарынан ЖӨӨ-де сала үлесінің төмендеуі байқалса (7,1%-дан 4,4%-ға), ал жұмысшылардың саны 70-тен 4,5 мың адамға немесе 15 есе азайды.

"Гефест" КӨКҚ-та байыту бойынша қуаттар жеткіліксіз, сондықтан 2015 жылға дейінгі кезеңге жылына 4-5 млн. тоннаға дейін қуатты жаңа шахталардың кокстелетін көмірін өңдеу бойынша жаңа байыту фабрикасы салынуда. "Гефест" КӨКҚ кокстелетін көмірін тұтынушылар қазіргі уақытта анықталған жоқ, бірақ ол Ресей Федерациясының металлургия комбинаттары болады, өйткені олардың жаңа шахталардың құрылысын инвестициялау және Қарағанды көмір бассейнінде Ресей Федерациясында өте тапшы КЖ және К маркалы кокстелетін көмірді жеткізудің өз базасын құру жөнінде ниеті бар.

Көмір өнімінің түрлерін кеңейту жөніндегі іс-шаралар жүргізілуде. Энергетикалық көмірді ашық тәсілмен өндіру кезінде күрделі құрылымдық қатарды сұрыптамалық өңдеу қолданылады. Өндірілетін және тұтынушыға берілетін көмірдің сапасын жақсарту жөніндегі шаралар кешені мыналарды көздейді:

- Қарағанды көмір бассейнінің кокстелетін көмірін байыту фабрикаларында байыту;
- экологиялық таза тұрмыстық отын алу мақсатында ұсақ фракцияларды брикеттеу.

Көмір өндірудің дәстүрлі - жерасты (шахталық), ашық тәсіл (разрездермен), сондай-ақ қиыстырылған тәсілдері, біріншіден, адамдардың забойда тұрақты болуымен, демек, олардың жұмысының қауіптілігімен байланысты. Екіншіден, газ бен тозаңның атмосфераға шығарылымдары, сондай-ақ жыныстық үйінділердің пайда болуы мен жерді ауыл шаруашылығы айналымынан алу үлкен қауіп төндіреді. Бұдан басқа, көмір кен орындарын игерудің осы тәсілдері үлкен еңбек және материалдық шығындарымен, тау-кен жұмыстарын жүргізу қауіпсіздігінің төмен деңгейімен, қоршаған ортаны елеулі ластаумен байланысты, мұның аяғы экологиялық апатқа әкеп соқтыруы мүмкін[2].

Қазіргі кезде жер қойнауында қалған кокстелетін көмір қорын өңдейтін "Гефест" КӨКҚ кәсіпорындарында көмір өндірудің техникалық деңгейі төмен:

1. бассейнінің Өнеркәсіптік учаскесі сөндірілген шахталарының алаңдарындағы К12 және К10 қуатты көмір қатары бойынша жер қойнауында қалдырылған қор ескі шахталардың қазбаларымен туралған, төменде жатқан қатармен әлденеше рет өңделген және тірек қысымы аймағында тұр.

2. Көп жылдық тәжірибелік зерттеулер мен штректер арасындағы кентіректерде орналасқан мұндай қорды өңдеу тәжірибесі оларды өңдеудің барынша тиімді жүйесі үңгілеу комбайндарын пайдаланылатын камералық болып табылатынын көрсетті.

3. Бір камералық забойдан жылдық өндіру жылына 100-150 мың тоннадан аспайды, бұл ретте көмірдің шығыны 40-50%-ға жетеді.

Сол себепті *Көмір өндірудің жерасты тәсілі бойынша* қазіргі заманғы техникалық және технологиялық деңгейі қарастырылуда. Көмір департаментінің шахталары техникалық жарақтандырылуы мен техникалық-экономикалық көрсеткіштер деңгейі бойынша әлемдік стандарттардан қалыспайды. Шахталардың жекелеген технологиялық буындары бойынша ең жоғары жиынтық еңбек өнімділігі жылына 17,9-дан 21,2 млн. тоннаға дейінгіні құрайды, бұл "АрселорМиттал Теміртау" АҚ-тың Болат департаментінің өз өндірісін тұрақты жабдықтауды және коксті концентраттарды жақын және алыс шетелге жеткізуді қамтамасыз етуге тиіс. Жылдық өндіруді жылына 17 млн. тоннаға дейін жеткізу үшін Көмір департаментінің жұмыс істеп тұрған шахталарында жаңа горизонттар салу жөніндегі тау-кен-күрделі және құрылыс-монтаж жұмыстарының елеулі көлемін орындау, тиісті инвестициялық қамтамасыз ету жағдайында қазіргі заманғы, әлемдік деңгейге жауап беретін өндіру және үңгілеу жабдығын сатып алу қажет.

Таратылған шахталар алаңдарындағы жер қойнауында қалдырылған кокстелетін көмір қорын ашық өндіру учаскелерінде көмір мен аршылым жыныстарын игеру бойынша аз өнімді экскаваторлар қолданыла отырып, көліктік игеру жүйесі, сондай-ақ аз тоннажды автомобиль көлігі қолданылады. Жер қойнауында қалдырылған қорды жерасты және ашық

тәсілмен өңдеу үшін кокстелетін көмірдің қоры елеулі емес, сондықтан "Гефест" КӨКҚ даму перспективасы Қарағанды бассейніндегі кокстелетін көмірді өндіру бойынша - "Долинская-Наклонная", "Абай-Наклонная" және N 7/9 "Тентек" жаңа шахталарын салумен байланысты [3].

Қазақстан Республикасының, алыс және жақын шетелдердің тұтынушылары үшін кокстелетін көмір мен домна коксін әлеуетті жеткізушілер Қарағанды көмір бассейнінде "АрселорМиттал Теміртау" акционерлік қоғамының Көмір департаментінің (бұдан әрі - "АрселорМиттал Теміртау" АҚ КД) және "Гефест" көмір өнеркәсібі кәсіпорындарының қауымдастығының (бұдан әрі - "Гефест" КӨКҚ) шахталары болып табылады.

Домна коксінің өндірілуі мен көлемін өсіру үшін 2015 жылға дейін - жылына 10 млн. тонна, 2015 жылдан бастап 2020 жылды қоса алғанда - жылына 12 млн. тоннаға Қарағандылық жай кокстелетін көмірді жеткізу қажет. Гефест" КӨКҚ (Қарағанды көмір бассейні) кәсіпорындары бойынша кокстелетін көмір өндіру 2006 жылы 0,65 млн. тоннадан бастап 2010 жылы 1,4 млн. тоннаға дейін ұлғайды, ал 2020 жылы "Долинская-Наклонная", "Абай-Наклонная" мен "Тентек" N 7/9 жаңа салынымдарының жаңа шахталарын пайдалануға енгізуді ескере отырып, жылына 7,25 млн. тоннаға дейінгі құрауы мүмкін. КЖ, К және ЖЖ маркілі кокстелетін үш жаңа шахтаның көмірі және байытылғаннан кейін кокс-химия өндірісі үшін пайдаланылуы мүмкін. Бұл проблемалар әсіресе Қазақстанның көмір және газ-көмір кен орындарын (Қарағанды, тағы басқа) игеру үшін өзекті.

2020 жылға орындалған жұмыстар бойынша кокстелетін қарағанды көміріне қажеттілік жылына 25 млн.тоннаға дейін артуы мүмкін. "АрселорМиттал Теміртау" АҚ Көмір департаментінің шахталары 17,0 млн. тонна көлемінде беруді ғана қамтамасыз етуі мүмкін, бұл ретте негізгі үлес кокс-химия өндірісінің мұқтаждықтары үшін "АрселорМиттал Теміртау" АҚ Болат шығару департаментінің байыту фабрикаларында ұқсатылады. Ресей Федерациясына металлургия зауыттары тұтынушыларының кокстелетін көмірге, Қазақстан Республикасының түсті, фосфорлы және ферроқорытпа өнеркәсібі кәсіпорындарының домен коксіне сұранысын қалпына келтіру кезінде Қарағанды бассейнінің кокстелетін көміріне қажеттілік 2020 жылы 25-27 млн. тоннаға дейін өсуі мүмкін. Қазақстан Республикасында көмір дәстүрлі түрде кокстеу үшін және энергетикада пайдаланылады. Сонымен бірге ол "дәстүрлі емес" деп аталатын басқа да бағыттарда қолданылуы мүмкін. Бірінші кезекте бұл сұйық және газ тәріздес синтетикалық отын алу үшін шикізат ретіндегі көмірге қатысты. Әсіресе көмірдің синтетикалық мұнай алудағы мәні үлкен.

Жаңа шахталардың жобаларына әлемдік озық тәжірибеге сәйкес келетін ең озық техникалық шешімдер енгізілген. Қарағанды бассейнінде кокстелетін көмір өндіруді дамытудың 2020 жылға дейінгі *тұжырымдамасында мыналар көзделеді* [4]:

1) көмір беруге арналған көлбеу оқпандарды және таза ауа ағынын беруге, шығу ағынын беруге, қосалқы операциялар мен адамдарды түсіріп-көтеруді орындауға арналған тік оқпандарды үңгі отырып, қиыстырылған тәсілмен жаңа шахта алаңдарын ашу;

2) жұмыс істеп тұрған шахталарда кокстелетін көмір қорын кесе және шахталардың қызмет ету мерзімін ұлғайта отырып, күрделі көлбеу қазбалармен және тік оқпандармен жаңа, неғұрлым тереңірек горизонттарды ашу;

3) тазалау забойларының жұмысын 2 жылға дейінгі мерзімге қамтамасыз ететін 1,5-2,0 млн. тонна қорымен панельдік шахта алаңдарын дайындау;

4) тазалау және дайындау жұмыстарында өнімділігі жоғары техниканы енгізу есебінен жалпы өндіруді жылына 17 млн. тоннаға дейін ұлғайту;

5) тау-кен жұмыстарының жоғары концентрациясына және тазалау забойына тәуліктік жүктемені 5000-7000 тоннаға дейін, тазалау забойына жылдық жүктемені - 1500-1700 мың тоннаға дейін жеткізу;

6) көмір тасымалын беру оқпандарына дейін толық конвейерлеу, жынысты, қосалқы материалдар мен адамдарды тасымалдау үшін көлденең және көлбеу қазбалар бойынша қазіргі заманғы жеткізу құралдарын қолдану (дизелевоздар, жеткізу жолдары);

7) газсыздандырудың озық әдістерін пайдалану және алынатын метан газын шахта қазандықтарында жағу үшін пайдалану;

8) орталықтан тебетін негізгі желдету желдеткіштерін қолдана отырып, шахталарды жоғары тиімділікпен желдету, шахталардағы ауа тозаңы қоспасының жай-күйін бақылаудың қазіргі заманғы құралдарын қолдану кезінде тау-кен жұмыстарын жүргізудің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және төтенше жағдайлардың алдын алу;

9) ішкі және сыртқы өткізу нарықтарында жоғары нарықтық құны бар кокс концентратын ала отырып, қатардағы көмірді байыту.

Өндірістік қуаттарды ұлғайту көмір өндіретін кәсіпорындарда ең қазіргі заманғы технологиялық схемалар мен өнімділігі жоғары тау-кен, көлік және қосалқы жабдықтар енгізуді талап етеді. Қазақстан Республикасының көмір өнеркәсібін перспективалы дамытудың маңызды бағыты жер қойнауын кешенді пайдалану және энергетикалық көмір мен коммуналдық-тұрмыстық мұқтаждықтарға арналған көмірдің тұтыну қасиеттерін жақсарту болып табылады. Өндірілетін және тұтынушыға жеткізілетін көмірдің сапасын жақсарту жөніндегі шаралар кешені мыналарды көздеуге тиіс [1]:

- кокстелетін көмірді байыту фабрикаларында байыту;
- өндірілетін энергетикалық көмірдің сұрыптау тереңдігін арттыру;
- энергетикалық көмірді орталандыру;
- энергетикалық көмірді сорттау, ірі сортты көмірді қабаттап жағу үшін және коммуналдық-тұрмыстық мұқтаждықтарға жеткізу;

- экологиялық таза тұрмыстық отын алу мақсатында ұсақ фракцияларды брикеттеу.

Қазақстан Республикасында қазіргі кезде көмір кокстеу үшін және энергетикада пайдаланылады. Сонымен бірге ол "дәстүрлі емес" деп аталатын басқа да бағыттарда қолданыс табуға тиіс:

- газдандыру үшін, әсіресе генераторлық газ өндіру үшін Қазақстан Республикасының барлық дерлік кен орындарының көмірлену сатысы бойынша да, петрографиялық құрамы бойынша да ерекшеленетін көмірі жарамды;

- ірі көмір кен орындары табиғи газдың - метанның кен орындары ретінде қарастырылуы мүмкін, оның мөлшері, мысалы, Қарағанды бассейнінде 500 млрд. м³;

- қоңыр және төмен метаморфиздалған тас көмірді отындық емес мақсатта пайдалану бағыттарының бірі жартылай коксты - тез тұтанатын әрі түтінсіз жалынмен жанатын жоғары реактивті және калориялы отын алу, сондай-ақ сұйық отындарды, парафинді, фенолды және басқа да заттарды өндіру үшін шикізат болып табылатын сұйық өнімдерді - газ бензині мен бастапқы шайырды алу мақсатында оларды жартылай кокстеу болып табылады.

Қазақстан көмір өнеркәсібі кәсіпорындарының экологиялық проблемалары. *«Көмірді өндірудің, қайта өңдеудің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар».*

Ашық және жерасты тау-кен жұмыстары арасындағы сақтандырғыш кен діңгекті қазу карьердің кендіңінен ернеулердің құлауын болдырмайтын және жұмыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін шараларды орындау кезінде жүзеге асырылуы тиіс. Адамдардың шаруашылық қызметі қазіргі кезде биосфераны ластаушылардың негізгі көзі болып отыр. Табиғи ортаға күн сайын, сағат сайын өнеркәсіптің газ тәріздес, сұйық және қатты қалдықтары түсіп отырады.

Табиғи ортаны ластаушы заттар әр түрлі болып келеді. Ол заттар өзінің табиғатына, шоғырлануына және адам организміне әсер ету уақытына қарай. әр түрлі жағымсыз нәтижелер туғызады [2]:

- көмір өндіру мен байытудың технологиялық үдерістерінде шахталық және карьерлік суларды ең көп пайдалануды қамтитын жер беті және жер асты суларын қорғау мен ұтымды

пайдалану, пайдаланылмайтын шахталық және карьерлік суларды тазарту және оларды жер бетіндегі су көздерін ластаудың алдын алу үшін буландыру тоғандарына жіберу;

-қоршаған ортаға зиянды әсерді азайту мақсатында жер алқаптарын қорғау және тау-кен жұмыстарымен бұзылған алаңдарды қайта өңдеу, кейіннен оларды санитарлық-гигиеналық, ауыл шаруашылығы және су шаруашылығы мақсаттарында пайдалану үшін бұзылған жерлерді қайта өңдеу.

Перспективада түтінсіз отынды, газды және шайырды жартылай кокстеу әдісімен алу үшін жарамды көмір үлкен маңызға ие болуы мүмкін. Көмірді, оның ішінде бірінші кезекте антрациттерді пайдаланудың маңызды бағыты электрондық және футерлі бұйымдар, адсорбенттер, карбидтер, термографит пен сульфокөмір өндіру болып табылады.

Қазақстан Республикасының аумағында жер үсті және жер астын газдандыру үшін жарамды көмірдің елеулі қоры бар. Олардың ішінде сапасының төмендігі мен қоршаған ортаны ластау қауіптілігінен іс жүзінде тіпті энергетикада да пайдаланылмайтын күлділігі жоғары, күкірті көп көмірдің үлесі ауқымды. Стационарлық түрдегі газгенераторларда генераторлық газ өндіру үшін көмірдің мынадай маркалары жарамды: ДГ-ұзын жалынды, газды, КС-коксты жабысқақ, Т-ұнтақты, т.б.

2020 жылға дейінгі перспективада кокстеуге арналған қазақстандық көмірге ресурстардың қажеттілік теңгерімі ұсынылған. "АрселорМиттал Теміртау" АҚ ұсынған домна коксіне қажеттілік оның Көмір департаментінің шахталарында 2012 мен 2020 жылдары жылына 17,0 млн. тоннаға дейін кокстелетін көмір өндіруді дамытумен қамтамасыз етіледі. «Гефест» КӨКҚ, кокстелетін көмір өндіретін жаңа шахталар, сондай-ақ жаңа байыту қуаттары салынғаннан кейін алынуы мүмкін кокс концентраттары Қазақстан Республикасының басқа тұтынушыларын жабдықтауға арналған және кокс концентраттарын жақын және алыс шетелдерге экспорттауға арналған кокс концентраттарының бос ресурстары ретінде қарастырылуы мүмкін [4].

Қорыта келгенде, Қазақстанның көмір өнеркәсібі-елдің халық шаруашылығында және минералдық – шикізат кешеніндегі базалық салалардың бірі. Ол энергетиканы, металлургияны, химия өндірісін, өнеркәсіптік және коммуналдық қазандықтарды, ауыл шаруашылығын қамтитындықтан, жаңа техника мен технологияны кеңінен қолдана отырып, көмірді өндіру, байыту мен брикеттеу шараларын аса жоғарғы деңгейге жеткізуіміз қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Қарағанды облысы: Энциклопедия / Бас ред. Р.Н.Нұрғалиев.- Алматы: Қаз. сов. энцикл. Бас ред., 2010.- 632 б.
- 2.Қарағанды облысының аумағын дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған бағдарламасы. Қарағанды, 2015 .
- 3.Муқанов Д. Индустриально-инновационное развитие Казахстана: потенциал и механизмы реализации. -Алматы: Дайк-Пресс, 2014. - 274 с.
- 4.ҚР көмір өнеркәсібін дамытудың 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған тұжырымдамасы ҚР Үкіметінің 2008 ж. 28 маусымдағы N 644 қаулысымен мақұлданған.

Аннотация

Пути решения проблем добычи угля подземным способом

К.А. Тлеубергенова¹, Н.Н. Карменова¹, Ш.У. Лайсханов¹, Х.Н. Кобегенова¹

¹Казахский государственный женский педагогический университет

(г.Алматы, Казахстан)

В настоящее время в Казахстане более 100 угольных разрезов. Добыча угля в основном осуществляется подземным способом. Главными центрами по добыче угля являются Караганда, Сарань, Абай, Шахтинск. С целью увеличения производства коксующегося угля на 2015-2025 годы, Институт Карагандагипрошахт» планирует строительства новых шахт на базе Карагандинского угольного бассейна. Рассматривается современный технический и технологический уровень добычи угля подземным способом. Для этого на существующих шахтах необходимо строить новые горизонты, приобретать современное горно-буровое оборудование. Используя новые техники и технологии, необходимо повысить

качество Казахстанского угля, которое охватывает все отрасли промышленности и сельского хозяйства. Поставлена цель по необходимости достижения самого высокого уровня по добыче, переработке и брикетированию угля.

Ключевые слова: угольные разрезы, подземный способ, коксующийся уголь, угольный бассейн, шахты, технический, технологический, департамент, горнорудный, инвестиционный.

Annotation

Ways to solve problems of coal production by underground method

K.A. Tleubergenova¹, N.N. Karmenova¹, Sh.U. Layskhanov¹, Kh.N. Kobegenova¹

¹*Kazakh State Women's Teacher Training University*

(c. Almaty, Kazakhstan)

Currently, there are more than 100 coal mines in Kazakhstan. Coal mining is mainly an underground method. The main centers for coal mining are the cities of Karaganda, Saran, Abay, Shaktinsk. In order to increase the production of coking coal for 2015-2025, the Karagandagiproshakht Institute plans to build new mines in the Karaganda coal basin. The modern technical and technological level of coal mining by underground method is considered. For this, it is necessary to build new horizons on existing mines, to acquire modern mining and drilling equipment. Using new techniques and technologies, it is necessary to improve the quality of Kazakhstani coal, which covers all branches of industry and agriculture. The goal is set to achieve the highest level of extraction, processing and briquetting of coal.

Key words: coal mines, underground, method, coal coking, coal basin, mines, technical, technological, department, mining, investment.

**ФИЗИКА, МАТЕМАТИКА, ИНФОРМАТИКА – PHYSICS, MATHEMATICS,
COMPUTER SCIENCE**

ГТАХР 29.01.45

**ФИЗИКА ПӘНІНЕН БІЛІМ БЕРУДІҢ ҮЗДІКСІЗ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
ПРАКТИКАСЫН ЖҮРГІЗУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Н.Ә.Сәндібаева¹, А.Ұ.Жасұзақ¹

¹*Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті
(Алматы қ., Қазақстан)*

Аннотация

Cooperation as means of motivation. Nowadays cooperative interaction among learners is very modern in language teaching. It is believed that they are likely to have more positive attitudes towards learning when working with others. Their motivation to learn could increase, because the cooperation strengthens the group cohesiveness as well as the learners' autonomy and reduces anxiety from failure. Apart of these, social and communicative skills can be developed. The essential feature of project work is an end product. This can take various forms, it can be a poster display, a three-dimensional model, an exhibition, a magazine or newspaper, a report, a video or audiocassette, or an event such as a party or a show. It is very motivating for students to have something meaningful, something real to work on. Diane P., Sarah B. and Helen D. agree that "the end-product of the project is important and should be carefully planned for." That is surely true, but in researches' opinion, teachers should not give the product so much importance, the process itself carries the message, too. Diana L Fried Booth describes project work as a real bridge between language study and language use. It is a good means for those students who want to cooperate and take the advantage of real work with the language. In addition, it also increases learners' autonomy [4].

One of the best ways of doing this is through games. "Language learning is a hard task which can sometimes be frustrating. Constant effort is required to understand, produce and manipulate the target language. Well-chosen games are invaluable as they give students a break and at the same time allow students to practice language skills. Groups of students who practiced grammar activity with games fell more motivated and interested in what they are doing. Games are highly motivating since they are amusing and at the same time challenging. Furthermore, they employ meaningful and useful language in real contexts. They also encourage and increase cooperation. "Games are highly motivating because they are amusing and interesting. They can be used to give practice in all language skills and be used to practice many types of communication." "There is a common perception that all learning should be serious and solemn in nature, and that if one is having fun and

there is hilarity and laughter, then it is not really learning. This is a misconception. It is possible to learn a language as well as enjoy oneself at the same time [5].

Consider remunerations. Who does not like receiving rewards? The opportunity to earn a prize at lessons is an excellent source of motivation. The prize can be anything - watching a movie or even something quite simple like a beautiful sticker can make students work better and really strive to achieve success.

Do not skim on the praise, if it is deserved. Not other form of motivation works as well as promotion. Teachers can quite successfully motivate listeners by announcing their successes in public, expressing praise for a well-done work, and showing it to other students as a model.

Provide possibilities for achieving success. Even the best students can sometimes be disappointed in their studies and lose motivation when they feel they are working hard, but do not get the same recognition that other students use. Make sure that all students get the opportunity to show their strengths to their classmates and feel that they are seen and appreciated. This can significantly increase their motivation.

References:

- 1.Homola, M. Motivace lidského chování. Praha: SPN, 1972
- 2.Linhart, J. Základy psychologie učení. Praha: SPN, 1986
- 3.Dörnyei, Z. Motivational Strategies in the Language Classroom. Cambridge: CUP, 2001, 73-75 pp.
- 4.The Internet TESL Journal, Vol. VI, No. 6, June 2000.
- 5.Roth, Genevieve. Teaching Very Young Children. Richmond Publishing, 1998. Chapter 5; Action Games.

Аннотация

Влияние факторов на мотивацию студентов

К.Ж. Турсынбаева¹

¹Казахский государственный женский педагогический университет
(Алматы, Казахстан)

Одним из постоянных обсуждений преподавателей является мотивация студентов к учебе. Мотивация - это в психологии стимул, желание, способ заставить себя, побороть себя, нацелена на способы начать действовать и добиваться результатов. Мотивация, как внутренняя и внешняя, является ключевым фактором для достижения успехов на всех этапах обучения, и преподаватели играют ключевую роль в том, чтобы создать такую ситуацию на уроках, которая мотивировала бы студентов. Динамика в аудиторий также играет важную роль. В атмосфере доверия и поддержки, студенты получают больше возможностей для активного участия на уроке. Учебный процесс относится к сложным видам деятельности, поэтому мотивов для обучения много, но все они образуют единую систему с общей целью – повышение эффективности обучения.

Ключевые слова: мотивация, психология, цель, методика преподавания, уверенность в себе.

Аннотация

Студенттердің ынталануына факторлардың әсері

К.Ж. Турсынбаева¹

¹Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті
(Алматы, Қазақстан)

Оқытушылардың талқылауындағы көптеген мәселелердің бірі - студенттерді оқуға ынталандыру. Мотивация психологияда ынталандыру, тілек, қозғалыс, өзін-өзі жету, өздігінен әрекет етуді бастау және нәтижелерге қол жеткізу деген түсінік береді. Ішкі және сыртқы мотивациялар оқытудың барлық сатыларында табысқа жетудің негізгі факторы болса, оқытушылар студенттерді ынталандыруда басты рөл атқарады. Аудиториядағы оқытушы мен студенттердің бір-біріне сенім мен қолдау атмосферасы сабақтың тартымды, белсенді түрде өтуіне мүмкіндік береді. Білім беруде қолданылатын ынталандыру факторларының барлығы оқытудың тиімділігін арттыру арқылы нәтижеге, мақсатқа жетуді көздейді.

Тірек сөздер: мотивация, психология, мақсат, оқыту әдістері, өз-өзіне сенімділік.

ГТАХР 16.01.45

ШЕТЕЛ ТІЛІ МҰҒАЛІМІНІҢ КӘСІБИ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУДЫҢ МАҢЫЗЫ

М. Кенжебаева¹, С.А. Асқарова¹

¹Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті
(Алматы, Қазақстан)

Аннотация

Кәсіби мамандардың теория мен практикадағы жетістіктеріне қарамастан, көптеген өзекті мәселелер әлі күнге дейін шешімін таппай отыр. Осындай маңызды мәселенің бірі - шетел тілі мұғалімінің кәсіби коммуникативтік құзіреттілігін дамытудың маңызы. Шетел тілі мұғалімінің кәсіби коммуникативтік құзіреттілігін дамыту көп аспектілі сала. Сондықтан, шетел тілі сабақтарында әртүрлі жағдаяттарда сөйлеу әрекетін қолдана отырып, шетел тілі мұғалімінің кәсіби коммуникативтік құзіреттілігін дамытуда жоспарлы және кешенді жұмыстарды талап етеді. Жас мамандардың тілдік сөйлеу құралдарын қолданудағы мақсаты- педагогикалық жағдаяттарды шешуде кәсіби коммуникативтік сөйлеу әрекетін анықтауды олардың кәсіби дағдыларын дамытуда қолдану әрекетін дамытады.

Тірек сөздер: болашақ шетел тілі маманы, көптілді білім беру, кәсіби коммуникативтік құзіреттілік, оқыту әдістері.

Қазақстан Республикасының дамыған елдердің стандарттарына деген ұмтылысы еліміздің жаңа сапалық деңгейге жылдам өту қажеттілігін туындатуда. Осыған орай қазіргі кезде жасалып жатқан реформалар даму институттарының қалыптасуына немесе өсуден тұрақты даму кезеңіне өтуге және саяси бағыттардағы осындай өзгерістер өмірдің барлық саласындағы шығармашыл тұлғаның мәртебесін көтеріп, мерейін үстем етуде.

ҚР білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында білім алушылар үшін: «баршаға бірдей сапалы білімге қол жеткізу; коммуникативтік және кәсіптік құзыреттілікті дамыту», – деп көрсетілген. Сонымен қатар, білім алушылардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруда электрондық оқыту жүйесіне көшуге және олардың біліктілігін арттыру үшін ақпараттық технологияларды пайдаланушыларды даярлау және олардың біліктілігін арттыру қажет, – екені нақтыланып берілген [1]. Бұл бүгінгі жоғары оқу орындарының алдына болашақ шетел тілі пәні мамандардың кәсіби коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру үшін ақпараттық технологияларды барлық пәндерді оқытуда пайдалануды талап етеді.

Соңғы кезде елімізде білім берудің ұлттық жүйесі қажет, онда әлемдік техникалық, ақпараттық білім беруді қамтамасыз ету деңгейі дәстүрлі ұлттық құндылықтар жүйесімен ұштасып жатуы керек. Болашақ шет тілі мұғалімінің кәсіби-коммуникативтік құзыреттілігі қалыптастыру проблемасының өзектілігі елдегі этникалық жағдайдың ерекшелігінде. Яғни, ол өтпелі кезеңдегі білім беру жүйесінің дағдарысынан туындайды. Себебі қоғамға әсер ететін кез келген глобалды проблемалар білім беру жүйесіне де әсерін тигізеді. Білім беру парадигмасы да өзгеруде, болашақ шет тілі мұғалімінің кәсіби-коммуникативтік құзыреттілігі тәрбиелеу проблемасына да қызығушылық өсуде. ХХІ ғасырда адамзат жоғарғы ғылыми және техникалық жетістіктермен ғана аяқ басқан жоқ, сонымен қатар халықаралық қатынас аясында еркін қызмет ете алатын жан – жақты тұлға қажеттілігін де көрсетті [2].

Негізінен, *құзіреттілік* ұғымы «білім», «білік» және «дағды» (ББД) сияқты ғымдарды қамтиды. Бірақ бұл ББД-ның жаңаша жай ғана жиынтығы емес. Құзіреттілік оқыту нәтижесін (білім және білік) ғана емес, сонымен бірге ол оқушылардың шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі мен құндылық бағдарларының жүйесін де көрсетеді. Краевский В.В. бойынша «Құзіреттілік дегеніміз - тұлғаның бойында білім, дағды, іскерлік, ерік күш-

жігердің болуы. Ол, ең әуелі мектептегі оқыту үрдісінде қалыптасады» деп тұжырымдайды [3,20]

«Коммуникативтік құзіреттілік» (латынның «competere» -қол жеткізу, сәйкес келу, сөзінен шыққан) – қажетті тілдерді, қоршаған адамдармен және оқиғалармен әрекеттестікте болу тәсілдерін білуді, топта жұмыс жасау дағдыларын, ұжымдағы әр түрлі әлеуметтік рөлдерді меңгеруді қамтиды. Оқушы хат жаза, анкета толтыра, арыз жаза, сұрақ қоя, пікір таластыра т.б. білуі тиіс. Коммуникативтік құзіреттілік - екінші тілді үйренуші студенттерге тілдің заңдылықтарын жаттанды үйретпей, сол тілді тілдік және қатысымдық тәсілдерді орынды қолданумен байланыстыру. Коммуникативтік құзіреттілік жеке тұлғаның рухани өсуін қалыптастырады, адамдарды түсіне білуіне көмектеседі [4, 586.]. Білім берудің негізгі нәтижесі ретінде мектеп түлегі оқушыда, яғни жеке тұлғада төмендегі құзіреттіліктер болуы тиіс:

Қазіргі білім беру жүйесінде мамандар даярлаушы кәсіби білім беретін оқу орындарының басты мақсаты – мамандықты игерту ғана болған болса, ал қазір әлемдік кеңестігіне ене отырып, бәсекеге қабілетті тұлға дайындау үшін адамның «құзыреттілік» қабілетіне сүйену арқылы нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесін ұсыну негізгі мақсат болып отырғаны баршамызға мәлім.

Білім берудегі құзыреттілікті ғылыми-теориялық негізде зерттеу жұмыстары Краевский В.В. еңбектерінен басталса, ал жалпы білім беру саласындағы құзыреттілікті зерттеу И.А.Зимняя еңбектерінен байқауға болады. Болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру дегенде, бірінші орынға алған оқу-танымдық мәселені шешудегі оның біліктілігі тұруы тиіс [4, 5]. Мұндай жағдайлар: біріншіден, қоршаған ортадағы құбылыстарды танып білу мен түсіндіруде; екіншіден, қазіргі заманғы техника мен ақпараттық құралдарды қолдануда; үшіншіден, адамдармен қарым-қатынаста, этикалық нормаларды, өзінің іс-әрекетін бағалауды; төртіншіден, отбасы мүшесі, сатып алушы, көрермен, қала тұрғыны сияқты күнделікті өмірде кездесетін коммуникативтік рөлдерін орындауда; бесіншіден, құқықтық және әкімшілік құрылымдарды, талап-тілегін білдіруде және эстетикалық тұрғыда баға беруде; алтыншыдан, еңбек рыногын бағдарлауды, өзінің өмірдегі орнын, өмір сүру мұраты мен стилін, келіспеушілікті шешу амалдарын табу сияқты көптеген тікелей өзіне байланысты мәселелерді шешуде қажет болады. Осы тұрғыдан қарағанда құзыреттілік ұғымы кезеңдік осы заманғы оқу парадигмасы мен қоғам тапсырысына жауап беретін болашақ шетел тілі пәні мұғалімдердің кәсіби коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда ақпараттық технологиялардың қолдану негізінде іске асқанын көреміз.

Сонымен қазіргі ақпараттық қоғамда білім беру жүйесіндегі болашақ құзыретті маманды: өзін-өзі жүзеге асыра алатын тұлға, өзінің өмірін ұйымдастыруға жауапты; өздігінен оқуға когнитивті дағдыларды меңгерген тұлға; рефлексия мен шығармашылық негізінде жаңа міндеттерді шешуге қабілетті тұлға; оқу және өмірлік жағдайда өз бетімен меңгерген білімін қолдану тәжірибесі бар тұлға; ақпараттық мәдениетті игерген жеке тұлға деп есептеуге тура келеді. Олай болса, құзыреттілік – өзгермелі жағдайда меңгерген білім, білік, дағдыны тәжірибеде қолдана алу қабілеті болып табылатын оқу нәтижесінде алынатын сапа.

Сондықтан олардың функционалдық сауаттылықтарын кәсіби шеберлікпен ұштастыру үшін нәтижеге бағытталған білім беру үлгісінде мақсатты түрде білім беретін, қалыптастыратын, дамытатын андрогогикалық процесс қажет. Басқаша айтқанда ересектерге арналған, жалпы және кәсіби білімнің қажеттілігін дамыту, ғылым, білім мен мәдениет жетістіктері арқылы адамдардың жалпы мәдениеті мен әлеуметтік белсенділікті дамытуға бағытталған танымдық іс-әрекетке ынталандыру үшін білім беру. Қазіргі білім беру парадигмасы «білікті адамға» бағытталған білімнен «мәдениет адамына» бағытталған білімге көшуді көздейді. Бұл білім беру жаңаша ұйымдастыру- оның философиялық,

психологиялық, педагогикалық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта қарауды қажет етеді.

Сондықтан бүгінгі күні еліміздің білім жүйесінде оқыту үдерісін тың идеяларға негізделген жаңа мазмұнын қамтамасыз ету міндеті тұр.

Кәсіби коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруда бір жағдайдан екінші жағдайға өте білу іскерлігі, оны тосыннан қолдана білуге машықтандыру секілді стандарттық дағдыларды меңгеруде бірнеше сатылардан өтуі, оларды қарым-қатынаска дайындаудың ең маңызды аспектісі,- болып табылады. Коммуникативтік біліктілікті қалыптастыру сатысында мынадай өзіндік сипаттамалары айқындалған:

а) жаңа жағдайда оқушыға белгілі білім мен дағды, шешім нұсқалары, қарым-қатынас жасай білу тәсілін жеткізе (тасымалдай) білу іскерлігі, олардың нақты жағдайдағы ерекшеліктеріне сай өзгеріп отыруы;

ә) білім алушыға бұрыннан белгілі ой, білім, дағды, тәсілдер қисындасуындағы (комбинациясында) жаңа коммуникативтік жағдайға сай шешім таба білу іскерлігі;

б) нақты коммуникативтік жағдайларды шешуде жаңа әдістер мен тәсілдерді қолдана білуі.

Сонымен, болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігі - бұл бір-бірімен қарым-қатынаска түсу қажеттілігі мен оны орнату қабілеттілігінен тұрады. Болашақ мамандардың тиімді қарым-қатынаска түсуі: серіктестікте өзара қарым-қатынаста өзара түсіністігін айқындайды, кез-келген жағдаятты жақсы түсінеді, мәселені шешетін қарым-қатынас құралын, мақсатқа жетуде тілдік ресурстарды ұтымды қолдануды меңгереді.

Осы бағытта, коммуникативтік құзыреттілік дегеніміз - бұл коммуникативтік мәдениеттіліктің бөлінбейтін құрамдас бөлігі болып табылады. Болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру қоғамдық сұраныстан туындап отырған мәселе болғандықтан, коммуникативтік мәдениеттіліктің жоғары деңгейіне жеткізу үшін үнемі жетілдіруді қажет етеді. Сондықтан білім берудегі құзыреттілік амалдар қазіргі білім мазмұнының негізі болып отыр. Болашақ мамандарының даярлығында білім беру нәтижелерін айқындау білімді меңгертумен ғана айқындалмайды, сонымен қатар кәсіби міндеттерді шешуді де талап етеді. Коммуникативтік құзыреттілікті кәсіби құзыреттіліктің негізі ретінде қарастыруға болады.

Қорыта келе, жоғарыдағы айтылған теориялық идеяларға сүйене отырып, зерттеу тақырыбым бойынша, шетел тілі пәні мұғалімінің кәсіби коммуникативтік құзыреттілігі – алған теориялық тілдік білімін тәжірибеде пайдалана білу белсенділігі, болашақта таңдаған мамандығына сәйкес кәсіби даярлығына қатысты қарым-қатынас әдістері, технологиялары мен құралдарын меңгеруде ақпараттық технологияларды саралап, өзінің даму деңгейіне сәйкес келетін және қоршаған ортаның әсер ету факторларын шеше алатын тұлғаның қасиеттер жиынтығы, – деген анықтама шығады.

Қазіргі замандағы кәсіби білім беру негізгі екі жағдайда, атап айтқанда, ақпараттандыру мен жетілдіру жағдайында дамып отыр. Егер оны «ақпарат» атты жалпы ғылыми категориясыз қарастыратын болсақ, онда қазіргі замандағы болмыс біржақты әрі толық болмаған болар еді. Бүгінгі күні адамның әлеуметтік-экономикалық іс-әрекеттері оны жүзеге асыруға қажетті білімдер көлемінің шұғыл өсуімен қиындап, күрделеніп отыр. Демек, бүгінгі уақытта білім беруді ақпараттандыру постиндустриалдық қоғамның интеллектуалдық базасын құрудың міндетті шарты болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Н.Ә. Назарбаев «Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына дәрісі // Егемен Қазақстан
2. Ахметова Г.К. Образовательный идеал в теории и практике подготовки педагогических кадров. Алматы, 2000. -124б.
3. Проблемы образовательной политики на пороге XXI века // Специалист. - 1999. - №10. - 38 б

4. Краевский В.В. Основные характеристики и логика педагогического исследования. – Волгоград, 1994. – 32 б.

5. Зимняя И.А. Компетентностный подход. Каково его место в системе современных подходов к проблемам образования? (теоретико-методологический аспект) // Высшее образование сегодня.- 2006.-№ 8.- 20-26 с.

Аннотация

Особенности формирования профессиональной коммуникативной компетенции будущих учителей иностранного языка

М. Кенжебаева¹, С.А. Аскарлова¹

¹Казахский Государственный Женский Педагогический Университет
(г. Алматы, Казахстан)

Несмотря на успехи в теории и практике подготовки квалифицированных преподавателей иностранных языков, целый ряд вопросов, связанных с этой проблемой, остается неразработанным. К ним относится, в частности, вопрос о формировании профессиональной и коммуникативной компетенции преподавателя иностранного языка. Процесс профессиональной подготовки преподавателя иностранного языка многоаспектен. Таким образом, проблема формирования профессионального речевого общения применительно к различным ситуациям, возникающим на занятии, остается актуальной до настоящего времени и требует планомерной целенаправленной работы. Развитие у молодых педагогов умений использовать речевые формулы для выражения намерения преподавателя иностранного языка в определенных ситуациях педагогического общения будет способствовать формированию у них умений как профессионального речевого общения.

Ключевые слова: будущий учитель иностранного языка, полиязычное образование, профессионально-коммуникативная компетентность, методы обучения.

Annotation

Features of the formation of professional communicative competence of future teachers of a foreign language

M. Kenzhebayeva¹, S.A. Askarova¹

¹Kazakh State Women's Teacher Training University
(Almaty, Kazakhstan)

Despite of the successes in the theory and practice of training qualified teachers of foreign languages, a whole series of issues related to this problem remains undeveloped. These include, in particular, the issues of the formation of a professional and communicative competence of a foreign language teacher. The process of professional training of a foreign language teacher is multi-faceted. Thus, the problem of the formation of professional speech communication in relation to various situations arising in the classroom remains relevant to the present time and requires a systematic, purposeful work. The development of young teachers' ability to use speech formulas to express the intention of a foreign language teacher in certain situations of pedagogical communication will help them to develop skills as a professional speech communication.

Keywords: a future FL teacher, multilingual education, professional communicative competence, teaching methods.

FTAXP 17.71.07

АВТОРЛЫҚ АУЫЗША ӘДЕБИЕТТІҢ ТҮПБАСТАУ ЖӘДІГЕРЛЕРІ

Б.Ш. Қожекеева¹

¹Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті
(Алматы, Қазақстан)

Аннотация

Мақалада руханияттың асыл өзегі фольклорда әлем халықтарының атам замандардағы ғұрып, тіршілік дағдысымен астасып жатқан ортақ негіздері сөз болады.

Авторлық ауызша әдебиеті XIX ғасырдағы әдеби дамудың фактісінде зерттеп, зерделеудің өзіндік, озық негіздері бар авторлық ауызша әдебиет үлгілерін өлеңдік түр; жанрлық сипат; негізгі сарын – желілер; дәстүрлі тұғырлар мен жаңа сипаттар тұрғысында жүйелі өзіндік қисындамалар түзу көзделді. Бұл зерттеуде ауызша әдебиеттің төлұмалық сипатын сақтап қалған ерекшеліктер туралы ой қозғау (ұсыныс, ойласу) қарастырылады.

Осы орайда сөз болған бірқанша пікірлер зердеге алынып, тақырыпты ашу мақсатына пайдаланылды. Авторлық ауызша әдебиеттің өзіне тән дара табиғаты ашылып, ұлттық бірегейлігі мен бүтіндігі туралы сөз болады.

Тірек сөздер: авторлық ауызша әдебиет, жанр, өлеңдік түр, фольклор, ұлт

Күн астында көп жортқан көшпелі жауынгер жырау кеңістікке кең шолып, барлығын назарда ұстаған байқампаздық дағдысымен де ерекшеленетін. Көп көргендігінен де дүниені түгендеп сөйлеуді машық етті. Ұлы жаратылыс қолтығындағы тіршіліктің мән-мағынасын тоғыстыра, шендестіріп толғар еді. Оның бірде шалқып, бірде шамырқанар алмағайып әсер сәттеріндегі жан дірілі (теория тіліндегі ырғақ-интонациясы) өнеге шашып, дәстүр туғызған замандары болған еді...

Қазақ әдебиетінің тарихындағы қайталанбас, басқалардан баламасы табылмайтын өнерпаздық бағыттың бірі – авторлық ауызша әдебиеттің өзгеше дара тарихи мәні, ең алдымен, оның ұлттық бірегейлікті, бүтін бітімді (З. Қабдолов) адамзат сөз өнерінің тарихында елден бұрын көркемдік кеңістікке алып шыққандығы...

Руханияттың асыл өзегі фольклорда әлем халықтарының атам замандардағы ғұрып, тіршілік дағдысымен астасып жатқан ортақ негіздер басым. Қазақтың авторлық ауызша әдебиеті - этникалық бірегей құлық, жан күйі, дүниетаным, өмір дағдысы, болмыс, бітім ерекшелігі, етене ұлттық арқаулар мазмұндағы таза ұлт әдебиеті. Желілі құлын, кең жайлау, саятшылық, киіз туырлықты күнкөріс, төрт түлік мал. Ағайын-туыс. Батыры мен ханы. Азамат ер.

Жалпы адамзаттың ортақ иеліктермен кенелген сарқылмайтын ізгілік мұраттар шалқыған сахара тұрмысының атрибуттары жарылқап, қазақтың ғана жанын жай тапқызатын нышандары таңбаланған авторлық ауызша поэзия XIX ғасырда тарихи жаңа бір дәуірін тағы бастан кешіп еді...

Қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасып, даму барысында олжадан қағылған, обалы қалған өткелдер бар. Ендігі уақытта етене ерекшеліктері, түпнегіз төл тұлғалығы алабөтен айқын авторлық ауызша әдебиеті XIX ғасырдағы әдеби дамудың фактісінде зерттеп, зерделеудің өзіндік, озық негіздері бар. Әдебиет тарихын баяндауда ілесіп отыратын жалпы топтап қамту, кітаптан кітапқа көшіріле салатын өмірбаяндар берудің қайсыбір таптаурын дағдысынан әлі де арылып болдық дей алмаймыз. Нақтылы дәуір, дәстүр, түр, үлгі аясында, жалтақтап, жалпақтаудан құтылған ендігі емін-еркін уақытта біздің әдебиеттегі біздікі ғана болып жасаған төлұма сипаттарды жүйелі ғылыми негізде айналым арасына түсіру, әрі осы бағытта білім беру үдерісінде дүбәра, дүдәмалы жоқ таным түзу қажеттілігі бар.

«Бақыт іздеп, ғасырлар бойына сахараны шарлап шарқ ұрған мұңдар жолаушы – қазақ халқы бізге архитектура мен скульптураның, сурет өнерінің ескерткіштерін қалдыра алмады. Бірақ ол бізге ең асыл мұра – жыр мұрасын мирас етті. Жыршы халық, ақын халық есі жоқ ескі замандардан бастап дарыған ақындық даналығын қапысыз жұмсап, өзінің рухын ұмытылмас эпостық дастандарында, сан-сан әр алуан түрлі жырауларында бейнеледі.

Қазақ халқының ақындық қабілет-дарыны өмірде ақынның ерекше типін туғызды. Бұл – біздің заманымызға дейін жеткен, бұрынғы ақындық қазыналарды сақтап келген әрі жыршы, әрі импровизатор ақын. Халық поэзиясындағы таңдаулы үлгілерінің туып, таралып, және осы уақытқа дейін сақталып жеткені үшін біз осынау ақындарға борыштармыз [1,4 б.]

Әдеби мұраны игеріп, тану, бағалау қисындары қилы уақыттың қаспағынан да өтті, ара-тұра кең тыныс алып қамдап, қамтып қарастырылып та отырды. Асыл сөздің көркемдік тұғырлары тұрғысында кейінгі кезеңдегі қазақ әдебиеттану ғылымы бірқанша өзекті

мәселелерді күн тәртібіне қойды. Көптеген уақыттар бойы фольклор аясындағы халық ауыз әдебиеті мәнінде танылып, авторлық қазірде ауызша әдебиет атауы терминдік мәнде орнығып отырған, әдеби дамуындағы өзіндік көркемдік бағыт тұрғысында арнайы зерттеулер қажеттілігі де айқындала түскендей.

Әдебиет тарихын зерттеу ұстанымдарының озған уақыт ыңғайында теориялық мәселелерге басым көңіл бөліп отырғандығын сезінеміз. Мәселе бойынша арнайы жазылған осы ұжымдық еңбектің «XIX ғасырдағы авторлық ауызша әдебиеттің түпбастау дәстүрлі негіздері және жаңашылдық нышандары» атты бөлімінде аталған дәуірдегі авторлық ауызша әдебиет үлгілерін өлеңдік түр; жанрлық сипат; негізгі сарын – желілер; дәстүрлі тұғырлар мен жаңа сипаттар тұрғысында жүйелі өзіндік қисындамалар түзу көзделді.

Авторлық ауызша әдебиет ұғымы қайсыбір мәнде шартты да болып көрінеді. Мұнда автордың шығарма тудырудағы ауызша шығарып айту машығын өзгертіп, хатқа түсіруіне қарамастан, ауызша әдебиет дәстүрінде жасалған туындыны сол үлгінің тобында алып қарастыру керектігін ескертер едік. Өте бір күрделі, тоғысып жатқан тосын нышандары мол әдебиет – қазақ әдебиетінің тарихында XIX ғасырдағы әдеби дамуда айқын көрініс тапты. Жаңа жазба әдебиетке барынша қызмет етіп сіңісіп, кірігіп кеткен ауызша әдебиет дәстүрі туралы – сөз өз алдына. Бұл зерттеуде ауызша әдебиеттің төлтумалық сипатын сақтап қалған ерекшеліктер туралы ой қозғау (ұсыныс, ойласу) көзделді.

Бейсенбай Кенжебаевтың 1954 жылы жазылған «Қазақ өлеңінің құрылысы» атты зерттеуінде айтылған қазақ өлеңінің байырғы түрі – қара өлеңге қатысты мына бір тоқтам – біз қозғап отырған мәселенің жанды жерінің бірі. Жүйленіп, ғылыми негізделу бастауында Шоқан Уалиханов тұрған, беріде өлеңтанушылар тайға таңба басқандай ажыратып көрсеткен қазақтың қара өлеңін байырғы шумағы төрт тармақты, 11 буынды үлгісімен, ұйқасы *ааба* түрінде дараланған өнер деп білетінбіз.

Қара өлеңді көп тармақты, төрт тармақты деп бөлу 11 буынды төрт тармақты өлең түрлеріндегі бунақтағы буын санын, 3,4 буында бунақтардың қалыпты орын тәртібін; ұйқас ерекшелігін әрі осы ерекшеліктердің өлеңнің қилы тарихи кезеңдердегі құбылыс-қалыптарына орай туындау заңдылықтарын тұтас ажыратып қарастыру қажеттілігі бөгеліп, тежелген (әсіресе шығыс поэзиясы ықпалына қатысты – Қ.М.) уақыттардың еншісі сияқты.

Әдебиет тарихының білгірі Бейсенбай Кенжебаев зерттеуінде ұйқасы *ааба*, *ааба*, *аабб* түрінде келетін он бір буынды өлшемдегі өлең үлгілерінің барлығы да қара өлең аталғанымен, түп тегі эпостық жырға, онда да эпикалық үрдістің XIX ғасырдағы өзгешелену бағытына, авторлық ауызша әдебиеттің XIX ғасырдағы дара ақындық сипаты қанық үлгісіне ойысқан жаңа өлең түрлері болғандығын аңлаймыз [2, Б.79-80]

Қара өлеңге қатысты өзгеше, анықтамалар да болғандығын, оның не себептен солайша орнығып кеткендігін кейінгі кезеңде ғана мән беріп, аңлай бастағандаймыз.

«Қара өлеңнің шумағы ені түрлі: төрт тармақты, көп тармақты болады. Ол төрт тармақты, көп тармақты болады. Ол төрт тармақты болғанда не *аа-а*, не – *а-а*, не *аабб* болып келеді. Мысалы:

1. Қара таудың басынан көш келеді, *а*
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді, *а*
Ел жұртынан айырылған жаман екен, *б –*
Екі көзден мөлтілдеп жас келеді. *А*
2. Жалаңаш елден шыққан бір сорлымын, *а –*
Жалғыс-ақ үміттімін рахымынан *а*
Басымды алар болсаң, жылдам алшы, *-*
Ызғырық өтіп барад тақымымнан *а*
(Шернияз)
3. Мұны айтып сөйлейді қарт саудагер, *а*
Төлегенге айтады сүйінші бер. *а*

Ал сонда Төлегенді шақырып алар, б
Мен таптым жақсы қызды саған жарар. б
(Қыз Жібек)

Қара өлең көп тармақты болғанда көбінше, екі түрлі ұйқаспен ғана келеді, не ақсақ ұйқаспен аа-а-а-а болып, не ерікті ұйқаспен а-а-а-а болып келеді. [2,79 б]

Автор өзі атап көрсетіп отырған үлгіге мысал ретінде «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» жырынан үзінді алған. Қара өлеңде (тармақ саны, ұйқас түрі бөлек – Қ.М.) тармақ ішіндегі бунақтардың орны жылжымалы ауыспалы болып отыратындығының себебін сөз екпінімен, ой басымдығымен, екпін ырғақ пен орынды байланыстырған зерттеуші олардың бөлек өлең түрі мәніндегі менмұндалап тұрған түпнегіз ерекшеліктерін әрі қарай тарқатып айтуды қажет деп таппаған сияқты.

Бұл ерекшеліктердің тәптіштеп айтылмағанмен, тарихи сипаттамасы, тайға таңба басқандай айқындамасы Шоқан Уалихановтың «Қазақ халық поэзиясы үлгілерінен зерттеуінде жасалған еді. Қазақ әдебиеті тарихын зерттеушілер әрдайым назарда ұстап отырған өзекті тарихи-теориялық тұғырдың бірі – авторлық ауызша әдебиеттің көркемдік негізін айқындайтын ерекшеліктері төлтума, даралық сипаттары. Осы бағытта ілгеріде, кейіннен жасалған пайымдаулар, ой қорытулардың жеке жүйеде ғылыми негізделу мәселесі күн тәртібінде тұр. Әлемдік әдеби даму тарихында баламасы жоқ деп бағалауға болатын, қазақ сөз өнерінің төлтума сипатының зерттелу, зерттеу ұстанымдарын тану, таныту қажеттілігі бар.

Қазақ филологиясының негізін салған Шоқан Уәлихановтың қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымының жаңа даму бағыттарында маңызды мәнге ие болып отырған «Қазақ халық поэзиясы үлгілері жөнінен» атты аяқталмаған зерттеуінде авторлық ауызша әдебиет туралы айтылған. Және осы еңбек жалпы қазақ өмірін жарлық, типологиялық тұрғыдан көркем үлгі, түрге бөліп қисындауда елеулі ғылыми тұғырнамалық мәнге ие. Шоқан Уалихановтың аталған зерттеуінде авторлық ауызша әдебиеттің XIX ғасырдағы жаңа нышандары туралы да бізге аса қажетті мәлімет бар. «Это форма употребляется теперь всеми новейшими поэтами как для импровизации, так и для поэм, а наиболее введена в употребление певцами Орунбай рода караул, отделения атеке-дживир и слепым певцом Чодже рода атыгай, отделение джана-Кыргыз... Предметом этих песен есть большею частью какое-нибудь религиозное повествование...

Форму улена певцы употребляют также для импровизации как самую удобную и к которой они теперь как бы более привыкли известная поэма «Кузу-Курпеч и Баян –сулу» пересказано мне была знаменитым Джанаком в форме улена.

Песня (улен) вошла в употребление в киргизской степи не более 50 лет назад.

Улен (песня) состоит из четырех стихов, два первые и четвертый суть силлабические, кончающиеся на одну форму, третий не рифмуют [3, Б.199-200].

Авторлық ауызша әдебиеттің төлтума сипаттарын ажырату методологиясында жазба әдебиеттің ауызшадан айырым белгілері ұстанымы да ескеріліп отыруы міндетті, бұл өзі мәселені зерделеуге септігін тигізетін тәсіл, амал. XIX ғасырдағы жазба әдебиет айқындамалары, негіздері тұрғысында қарастыру ауызша туған авторлы әдебиетті өз-өзінен «ығыстырып» шығарады. Тоғысулар, ықпалдастық ескеріліп отырған. Бір ерекшелік XIX ғасырда әрі ауызша, әрі жазып шығарған ақындар жасағандығы.

Мұхтар Әуезов: «Қазақ әдебиетінде дін сарынын алғаш бастайтын ақын осы Шортанбай болса, бұл өзі мұсылманшылықты исламның дін кітаптарынан алған адам болады. Ең алғаш жазып жырлаған, оқыған ақын да осы болуға лайық. Бірақ соның кітап жолындағы ұстазы үлгісі: Орта Азия мен Иран, араб сопылары. Орта Азия топырағында XII-XIII ғасырларда жарыққа шығып кейінге көп ғасырларға жемісін тартып келген «тас жауын» сарыны қазақ әдебиетінде Шортанбайды өз мұриті қып алған сияқты»[1, 23 б].

Әдеби мұраны игеруде тарихи-әлеуметтік объективті, субъективті себептер, әр жақты ұстанымдардың болып келгендігі авторлық ауызша әдебиетті – ауыз әдебиеті мен жазба әдебиет аралығында өзгеше бір әдемі бағытты ғылыми негізде тұтас қисындап, айғақтауда күрделендіріп отырғандығы белгілі. Мәселен, мына бір қисынға орай нақтылы авторлық ауызша әдебиет деп ажыратып алуға болатын еді.

«Бірақ ауызша шығарылғанына қарамай, шығармаларын (авторларын) сақтаған ауыз әдебиеті де бар. Қазақтың бұрынғы замандағы әдебиеті өзінің осы сипатымен өзге көп халықтар әдебиетінен ерекшеленеді. Мұның өзі қазақ ауыз әдебиетінің басқа халықтардағы жазба әдебиет атқаратын қызметті өз үлесіне алуына байланысты. Сондықтан да қазақ ауыз әдебиетіне жалпы өзге халықтарда болған ауыз әдебиет тұрғысынан қарап, баға беруге болмайды. Әрі осы жұртқа белгілі бағалаулар тұрғысынан қарап, қазақтың шығарушылары (авторы) сақталған поэзияша ауыз әдебиеті деп атаудан қашуға да болмайды» [1, 23 б].

Құлмат Өмірәлиев авторы сақталған қазақ ауыз әдебиетінің бұл саласы – азаматтық тақырыпты сөз ететін поэзия деген тоқтам айтады. Азаматтық поэзия тарихы әріде жатыр, Асан, Сыпыра, Жиренше, Шалкиіз сияқты XV-XVII ғасырлардан өлең жеткен дейді.

Авторы сақталған дүниені қазақ әдебиетінің даму даралығындағы төлтума сипаттарынан «сіңісіп» кеткендігіне қарамастан, біршама шартты түрде алып отырып, мақсатты түрде ауыз әдебиетіне телуді тоқтатқан дұрыс болар. Әрі, ауыз әдебиетінің (фольклор мәнінде) қалыпты қағидалары айқын.

Қажым Жұмалиев Махамбетті ауыз әдебиеті өкіліне жатқызбақ болған. «Толқуларға» үзілді-кесілді қарап шығып, Махамбетті тарихи әдебиет өкілі деп тану керектігін қорғап шыққан еді. Осындай қорғаушылық миссия қазақ әдебиетінің бай, бағалы, кәделі тарихында жасаған көпшілік тұлғаға қатысты. Нысанбай жыры – фольклор ма?

Құлмат Өмірәлиев ауызша шығарылған поэзияға әр мәнде зер салды. Авторын сақтауындағы ерекшелік, шарттылық туралы пайымдайды. «Қазақтың ауызша шығарылған азаматтық поэзиясының дәстүрде «фольклор» деп аталатын әдебиеттен айырмасы – авторын сақтауы болса, осы авторын сақтауда да біршама ерекшелік бар. Егер арнау өлеңдер мен ерлік-азаматтық тақырыптағы өлеңдерде шығарушылары даусыз дән сақталып отырса, дидактикалық-философиялық мазмұндағы шешендік сөздер мен шешендік толғауларда шығарушылардың «сақталуын» шартты нәрсе» деп пайым айтады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әуезов М. Әдебиет туралы. О литературе. Оқу құралы. – Алматы, «Санат», 1997. – 304 бет
2. Кенжебаев Б. Әдебиет белестері. Зерттеулер, мақалалар. – Алматы; Жазушы, 1986. – 400 бет.
3. Валиханов Ч. Собрание сочинений в 5 томах. Издательство: «Главная редакция Казахской Советской энциклопедии» 1984 г.

Аннотация

Основное наследие авторской устной литературы

Б.Ш. Кожекеева¹

¹Казахский государственный женский педагогический университет
(Алматы, Казахстан)

В статье рассказывается о духовности, об основах обычаев и жизнедеятельности народов мира которые являются общим ядром для фольклора.

Авторская устная литература была нацелена на исследование ее литературных образцов в систематическом, своеобразном виде на виды стихов; на основные мотивы; жанровые формы; в части традиционных платформ и новых свойств в фактах литературного развития XIX века. В данном исследовании рассматриваются особенности устной литературы которая сохранила свой первобытный характер.

В связи с этим, для раскрытия темы учитываются и используются мнения по данной теме. Также рассказывается о своеобразной природе, о национальной цельности и уникальности свойственной авторской устной литературе

Ключевые слова: авторская устная литература, жанр, типы песен, фольклор, нация.

Annotation

The basic heritage of folklore

B.Zh. Kozhekeeva¹

¹Kazakh State Women's Teacher Training University

Almaty, Kazakhstan

The article deals with the spirituality, the foundations of customs and life activities of the peoples of the world, which are the common core for folklore.

The author's oral literature was aimed at studying her literary specimens in a systematic, original way, on types of poems; on the main motives; genre forms; in the part of traditional platforms and new properties in the facts of the literary development of the XIX century. In this research the features of oral literature that retained its primitive character is considered.

In this regard, to cover the topic, views on this topic are taken into account. In the article also tells about the peculiar nature, the national wholeness and uniqueness which is inherent to the author's oral literature.

Keywords: author's oral literature, genre, types of songs, folklore, nation.

**ТАРИХ, ЭКОНОМИКА, ҚҰҚЫҚ – ИСТОРИЯ, ЭКОНОМИКА И ПРАВО
HISTORY, ECONOMY AND LAW**

ГТАХР 14.01.11

**БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ЗАМАНАУИ ҚОЛӨНЕР НЕГІЗІНДЕ ҰЛТТЫҚ
ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Ж.А. Асқарова¹, А. Нұрсағатқызы¹

¹Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті
(Алматы қ., Қазақстан)

Аннотация

Мақалада болашақ мұғалімдердің заманауи қолөнер негізінде ұлттық құндылықтарын қалыптастыру, ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу, жас маман санасына туған халқына деген құрмет, ұлттық рухын дамыту жолдары қарастырылған.

Тірек сөздер: ұлттық құндылық, рухани мәдениет, қабілет, қалыптастыру, болашақ маман.

Бүгінгі таңда ХХІ ғасырда келешек ұрпаққа тәлім-тәрбие мен білім берудің басым бағыттарын айқындап, педагогика ғылымында ұлттық сананы қалыптастыру көкейкесті мәселе болып отыр. Болашақ мұғалімдерге тәрбие берудің негізгі бағдарлы идеялары. Сондықтан болашақ мұғалімдердің заманауи қолөнер негізінде ұлттық құндылықтарын қалыптастыру керек. Жас маманға ұлттық тәрбие берудің негізгі бағдарлары идеялары еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2030» халыққа жолдауында былай деп жазылған «Толық өркениетті ел болу үшін алдымен өз мәдениетімізді, өз тарихымызды бойымызға сіңіріп, содан кейін өзге дүниені игеруге ұмтылғанымыз жөн».\3\ Олай болса- болашақ мамандарды ұлттық игіліктер мен азаматтық құндылықтар, рухани мәдени мұралар сабақтастығын сақтай отырып даярлау.

Ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу үшін:

- мамандардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру,
- жас маман санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту, мәдениетін өнерін, салт-дәстүрін тарихи мұраларды қастерлеу сияқты міндеттерді орындағанда ғана басты мақсатқа жетеміз.

Сонда ғана Елбасының Қазақстан халқына жолдауында: «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін,бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін»және «Ұлттық бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте оның білімділік деңгейімен айқындалады»-деп өткен сенімін ақтауға болады.\3\

Болашақ мұғалімдерді дайындау жүйесіне Қазақстанның көркем мәдениет мұраларын оқу тәрбие жүйесінде қолдану. Қазақстанның көркем мәдениетінің материалдарын оқу-тәрбие ісінде қолданудың мақсаты болашақ мамандарға қазақ халқының ұлттық қолөнерінің тарихынан, бейнелеу өнерінен, деректі мәліметтер білу. Болашақ мұғалімдерге халықтың көркем мәдениетінің озық үлгілерімен, ғалымдарымен, өнер шеберлері өмірімен болашақ мамандарды таныстыру үшін,мамандар дайындау жүйесінде лекциялар оқылып, семинар сабақтары өткізіледі. Лекция мен практикалық әдістер мазмұнын құрайтын материалдар болашақ мұғалімдердің ұлттық құндылықтарын қалыптастыру мақсатында көздейді. Қолөнер - халқымыздың ұлттық мұрасы. Қазақтың ұлттық қолданбалы өнер тарихы көшпелі өмірдің салт-дәстүрімен тығыз байланысты. Халық шеберлері ұлттық қолөнер мұраларын өмірге әкелді.

ХХІ ғасыр — бәсеке ғасыры, бұл бәсеке енжарлықты, керітартпалықты көтермейді. Еліміз егемендігін алып, өзін бүкіл әлемге мойындата бастаған осы кезеңде біздің қоғам дарынды, қабілетті, жан-жақты жетілген адамдарды қажет етеді. Сондықтан да еліміздің білім берудегі ұлттық жүйесі өте қарқынды өзгерістер сатысында тұр. Бүгінгі таңдағы негізгі мақсат — ұлттық құндылықты әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті, өзіндік жеке көзқарасы

калыптасқан тұлға тәрбиелеу. Ұлттық құндылықты әлемдік деңгейде көрсетуге қазақ халқының мәдениеті, тарихы қолөнерінің ерекшелігін ескеру маңызды. \1\

Қазақ халқының қолөнерінің көпғасырлық мәдениет тарихы бар. Бұл мәдениет тарихы ғасырлар тереңінен көшпенділердің күнделікті тұрмысында қолданылатын әдеттегі заттары, яғни қолөнер шеберлерінің жұмысы, қолөнер заттары болып табылады. Сондықтан да қазір оларды өнер туындысы ретінде қарастырып жатады, практикалық жағынан ғана емес, эстетикалық мәні жағынан да маңызды дайындалған және көркем жасалған шебер туындысы. Қолөнер шеберлері табиғат сұлулығын өнер туындыларын арқау ете білген. Қолөнер дүние жүзінің әр халқына тән, бұл - халық қазынасы, ғасырлар мұрасы, әр халықтың тарихи дамуына, тұрмысына, табиғат ерекшелігі мен эстетикалық талғамына байланысты қолөнері өзіндік ерекшелігімен халық өмірінде өшпейтін із қалдырып отырған.\2\ Бүгінгі таңда жас ұрпаққа заман талабына сай тәрбие мен білім беру, оны ұлттық құндылықтар арқылы жүзеге асыру көкейкесті мәселелердің бірі болып отыр. Ұлттық құндылықтарды құрмет тұтып, тәрбиенің қайнар көзі ретінде қарастыру қай заманда болса да маңызды. Әсіресе, бүгінгі заманда жаһандануға бет бұрып, әлемдік бәсекелестікке, оның талаптарына жауап беру жағдайында бұл мәселенің өзектілігі айшықталып отыр. Қолөнер бұйымдарын жасап үйрену, сол арқылы оқушылардың қоғамдағы жаңа өзгерістер мен өз халқының тарихы, дәстүрі мен тіршілік ету, ойлау жүйесі туралы рухани негізін дамыта отырып, білім меңгеруге, еңбек етуге үйрету қажет. Осы орайда қазақ халқының қолөнерін дәріптеу, оған болашақ мамандарды баулу, шеберлігін дамытудың маңызы ерекше. Қазақ халық қолөнері деп халық тұрмысында жиі қолданатын өру, тігу, тоқу, мүсіндеу, құрастыру, бейнелеу сияқты шығармашылық жиынтығын айтады. Шын мәнінде қолөнер түрлерінің әрқайсысының талай ғасырлық тарихы бар. Қазақ халқы өзінің күнкөріс тіршілігіне қажетті үй-жәй салуды, киім - кешек тігуді, азық - түлік өндіруді өзінің тұрмыстық кәсібі етіп, оларды күнбе - күн тіршілік барысында орынды пайдаланса, әсем бұйымдар жасап өмір де, сән - салтанатта құра біледі.\2\

Болашақ мұғалімдердің ұлттың рухани қазынасымен, өнеге-өнерімен сусындатуды талап етеді. Болашақ мамандық иелерінің іс-әрекетінің, бейнесінің заман талабына сай өзгеруі, олардың бойында кәсіби мәнді сапалар қалыптасып, тұлғаның дамуы көзделеді. Әсіресе, жас ұрпақты сәндік – қолданбалы өнерге баулу мәселесінің өзектілігі артады.

Ұлттық қолөнер дәстүрлі өнерді қамқорлыққа алу нәтижесінде қазақ халқының қолөнерінің аса қымбат, қайталанбас сұлулығын, ғажайып көркін, тоқымашылық өнерін жандандырып, Б.Зәуірбекова, Сәуле мен Әлібай Бапановтар, Қ.Тыныбеков, М.А.Қалқабаев сияқты қолөнер шеберлерінің шығармашылығын үлгі тұтып, болашақ тарихымызды, дәстүрімізді сақтаушы ұрпақты өсіруіміз қажет. Дүние жүзіндегі әр халыққа ата-баба мұрасын, халық қолөнерін сақтап қалу - парыз. Атадан балаға мирас болған қолөнерін жалғастырушы шеберлердің қатары бірте-бірте азая түсуде. Халық шеберлерінің тендесі жоқ ғажайып өнер туындылары болашақ ұрпақты қуанытып, өнердің жаңаша туындылығын алып, өміршеңдігі арта түсеріне сөз жоқ.\4\

Болашақ мұғалімдерді сәндік-қолданбалы өнерді үйрету барысындағы білім беру моделінің жаңа бағыттарының бірі болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлау болып табылады. Болашақ мұғалімнің оқушыларды сәндік-қолданбалы өнеріне үйретуде үздіксіз педагогикалық білім алуының маңызы мынадан көрінеді: кәсіби даярлық кезеңінде оның бойына педагогикалық тәжірибенің шынайы жағдайларында қажетті білімдер мен дағдыларды өз бетінше алуға мүмкіндік беретін қабілеттерді қалыптастыру; өзінің кәсіптік-шығармашылық әлеуетін жетілдіру; оқушылардың мектепте технологиялық білім алу жағдайлары мен мазмұнын дамытуға ықпал ету. Сәндік-қолданбалы қолөнер оқыту барысында оқушылардың ойлау қабілеті, көргенін есте сақтау, шығармашылық қиялы, көркемдік икемділігі, адамгершілік және сұлулық сезімі дамиды, әрине, бұл қасиеттер жеке тұлғаның жан-жақты дамуына негіз болары сөзсіз. Оның үстіне ұлттық қолөнер өзінің тарихы терең, мазмұны сан қилы ерекшеліктерімен болашақ жастарға рухани, эстетикалық тұрғыда әсер етіп, олардың тұлғалық және салалық қасиеттерін дамыта түсері сөзсіз. Қазіргі таңдағы өміршең міндеттердің бірі халықтың ұрпаққа қалдырған мәдени мұраларына назар аудару, ұлттық мәдениеттің ерекшеліктері мен түп тамырын тану болып табылады. Оқушылармен жұмыс барысында сәндік-қолданбалы өнердің жалпы сипаттамасы және оның

басқа өнер түрлерінен айырмашылығы, өзінің ерекшелігі туралы түсінік қалыптастырып, халықтық сәндік өнердің негізгі көркемдік тілі, бейнелеуші құралдары, қолданбалы бұйымды жасау мен әшекейлеудің негізгі көркемдік принципі туралы жүйелі түсінік берілуі тиіс. Еліміздегі үздіксіз білім беру жүйесінде ұлттық мәдениет, өнер және қолөнер негізінде біліктілік пен іскерлік қалыптастыру, мәдениеттілікке баулу, адамзат қоғамында бұрын-соңды жасалған мәдени мұраны жүйелі меңгеруге, жалпы әлемдік рухани игіліктерді бағалай білуге тәрбиелеу қажеттілігіне баса көңіл бөлу керектігіне мән берілген. Осыған байланысты болашақ маман бойында кәсіби мәнді сапалардың қалыптасып, ол тұлға дамуымен ұштасып, нәтижесінде жас ұрпақтың біліктілігі мен іскерлігін қалыптастыру мәселесінің өзектілігі артады. Ел болашағының кілтін ұстап отырған жас буын – болашақ мұғалімдер үшін маңызы ерекше.

Қорыта келгенде, болашақ мұғалімдердің заманауи қолөнер негізінде ұлттық құндылықтарын қалыптастыру, кәсіби білімін жетілдірудің түрлі әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, оның шеберлігін қалыптастыру өте маңызды. Өйткені, мұғалімнің кәсіби білік дағдылары өз кезегінде оның кәсіби-педагогикалық мәдениетін көрсететін өлшем екендігі белгілі. Оқу процесінде сәндік-қолданбалы өнерді оқытуда қазақтың ұлттық өнерінің көркем шығармашылық мүмкіндіктерін тиімді пайдалана отырып, қазақтың сәндік өнерін жүйелеуде әдістемелік ерекшеліктерді ескеру болып табылады. Бұл мәселенің нәтижелі жүзеге асуы қазақтың ұлттық өнері негізінде көркем шығармашылыққа бейімдеуде білім сапасын арттыруға жол ашады және жас ұрпаққа ұлттық тәрбие беруде оқу процесінде меңгерген іскерлігі мен қабілетін толық пайдалана білуге дағдыландырады. Бұл тұрғыда ұлттық танымдағы өнер туындылары өзінің бай тарихы, терең мазмұны, сан қилы көркемдік ерекшеліктерімен мәдени, эстетикалық, эмоционалды, интеллектуалдық тұрғыда әсер етіп, көркем шығармашылық қасиеттерді жетілдіре түседі. Сол себепті қазақтың сәндік өнерін оқу-тәрбие процесінде кең көлемде қолдануды іске асыру қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдымасы. - Астана, 2004ж.
2. Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері Алматы, 1995ж.
3. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 28.01.2011 жыл
4. А. Марғұлан Казахское народное-прикладное искусство. Алматы 1986ж.

Аннотация

Формирование национальных ценностей будущих учителей на основе современного декоративно-прикладного искусства

Ж.А. Аскарова¹, А. Нурсагатовна¹

¹Казахский государственный женский педагогический университет
(г. Алматы, Казахстан)

В статье рассматриваются формирование национальных ценностей на основе современного прикладного искусства, воспитание личности способной вывести национальные ценности на мировой уровень, уважение к родному народу в сознании молодого специалиста, пути развития национального духа.

Ключевые слова: национальная ценность, духовная культура, способности, формирование, будущий специалист.

Annotation

Formation national values of future teachers on the basis modern decorative arts

Zh.A. Askarova¹, A. Nursagatovna¹

¹Kazakh State Women's Teacher Training University
(c. Almaty, Kazakhstan)

The article discusses the formation of national values on the basis of modern applied art, education of the individual capable of leading national values to the world level, respect for the native people in the minds of the young specialist, the development of the national spirit.

Key words: national value, spiritual culture, ability, formation, future specialist

ГТАХР 03.20

ЖАПОНИЯНЫҢ СЫРТҚЫ САЯСАТЫНДАҒЫ АЗИЯ-ТЫНЫҚ МҰХИТ АЙМАҒЫ ИДЕЯСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Б.С. Аймбетов¹, Р.Т. Айтбай²

¹әл-Фараби атын.ҚазҰУ, ²Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті
(Алматы қ., Қазақстан)

Аннотация

Қазіргі кездегі әлемдік құндылықтардың бірі бейбітшілікті сақтау болып табылады. Сол үшін мемлекеттер ортақ мүдде негізінде халықаралық ұйымдарды құрып, сол ұйымдар арқылы алдыларына қойған мақсаттарын іске асырады. Қазіргі саяси сахнада Азия-Тынық мұхиты аймағының қауіпсіздігі осы аймақта орналасқан мемлекеттердің қауіпсіздігі, территориялық тұтастығы және тәуелсіздігі бір-бірімен тікелей байланысты.

Аймақ қауіпсіздігін қамтамасыз етуде бар мәселені біртұтас көтеруінің өзіндік себептері бар. Атап айтқанда, «қырғи-қабақ соғыстың» сабақтары қауіпсіздікті тек әскери күш-құралдармен шешудің мүмкін еместігін айқын көрсетіп берді. Сондықтан Жапонияның сыртқы саясатында осы аймаққа ерекше орын берілді.

Тірек сөздер: Жапония, Азия-Тынық мұхит аймағы, экспансия, экономика, ықпал, репарация, келісім, сыртқы саясат, бірлестік, азияцентризм,

XIX ғасырдың соңы мен 1945 жылға дейінгі аралықта Жапония сыртқы саясатында Азия-Тынық мұхит аймағын өздерінің ерекше мүдделі аймағы ретінде қарастырды. Жапония әскери басқыншылық және экономикалық экспансиямен аймақтағы ықпалын бекітуге ұмтылды. Соғыста жеңіліске ұшыраған соң, Жапония аймақтағы экономикалық потенциалын арттырып, өзінің аймақтық және ғаламдық модельдерін жасауға талпынды.

XX ғасырдың 50-60 жылдары Жапонияның АТА-ғы рөлі таза экономикалық міндеттерді жүзеге асырумен шектелді. Жапон агрессиясы нәтижесінде құрбан болғандығына байланысты жеңген мемлекеттерге зиян шығынын төлеуде (репарация) негізінен экспортқа несие беру түрі қолданылды, тез дамып жатқан жапон өнеркәсібі үшін шикізат импорт есебінен келді. Одан әрі осы елдермен арадағы сауданың дамуы экономикалық ынтымақтастықты бекітудің займ, экспортқа несие беру, капитал құю түрлері арқылы қатар жүрді.

Жапонияның бірінші жетістігі оның 48 елдермен- бұрынғы әскери қарсыластарымен, оның ішінде КСРО және коммунистік блокадаға елдермен бейбітшілік келісімге тұруы. Соғыс аяқталды, ал Жапония өзінің жауапкершілігін сезінді және белгілі мөлшердегі өтемақыға (аумақты өткізу, репарацияны төлеу және т.б. түрінде) келісті. Келісімге қол қою оның басқа елдермен дипломатиялық қатынастың қалпына келтіруіне жағдай жасады, әскери басып алу кезеңінің соңында, өз бетінше қызмет толықтығын қайтарды.

Жапонияда XIX ғасырдың соңында-ақ «тынықмұхиттық бірлестік» құру идеясы пайда болған еді [7, 25]. Кейін XX ғасырда ол Жапон мемлекетінің сыртқы саясатын жүргізуде маңызды рөл атқарды. Бұл ұғымның негізінде Тынық мұхит мемлекеттерінің өзара одақ немесе бірлестік құру мәселесі жатты. Жапонияның сыртқы саясатының негізгі идеологиялық принципі сол кезеңдегі «ұлы шығыс-азиаттық аумақты гүлдендіру» ұранына негізделді. Бұл Жапонияның Азия-Тынық мұхит аймағындағы жеке экспансиясын ұлғайтып, аймақ елдерін батыс империализмі ықпалынан азат етуді білдіреді. «Шығыс – азиаттық аумақты гүлдендіру» орталығында Жапон аралдары «метрополиясы» орналасып, оның төңірегінде минералдық шикізатқа бай солтүстік және оңтүстік кеңістік шоғыландырылды [8, 23]. Екінші дүние жүзілік соғыс жылдары

осы аймақ Тынық мұхиттағы соғыс әрекеттерін жүзеге асырудың стратегиялық жоспарының негізіне айналды.

1950-ші жылдардың соңында «бірлестік» құру идеясы қайтадан жандана бастады. Бірақ басқаша түрде сипат алды. Жапонияның сыртқы саясатының негізінде Ёсида доктринасы жатты. Ол экономикалық дамуды жеделдетуді қарастырып, әскери шығындарды азайтып, АҚШ- пен арадағы тығыз байланысқа шек қоюды көздеді.

Жапонияның ықпалындағы «Тынықмұхиттық бірлестік» идеясының қалыптасуымен қатар, аймақтық «Тынықмұхиттық одақ» құру авторы И.Коно 1959 жылы, 1965 жылы «Тынықмұхиттық еркін сауда аймағы» доктриналары жасалды [9].

1959 жылы парламенттің төменгі палатасының төрағасы И.Коно «Тынықмұхиттық одақ» құру арқылы Азияның экономикалық блогын АҚШ және Канаданың экономикалық бірлестігімен байланыстыру арқылы америка-жапон қатынастарын Азияның артта қалған аудандарының экономикалық жағынан дамуын қамтамасыз ету мақсатын көздеді[10,57].

Ёсида доктринасы кезінде Жапонияның негізгі геосаяси моделі «бірлескен азияцентристік» (әскери саяси салада) және «азияцентризм экономикалық саладағы идеялармен сабақтасып жатты. Жапондық «азияцентризм» «Тынықмұхиттық одақ» құру арқылы Жапонияның экономикалық және саяси рөлінің артуын қарастырды[11].

Кейінірек 1960 жылы жапон ғалымдары мен бизнесмендері ЕЭО сияқты экономикалық ұйым құрып, оған АҚШ, Канада, Австралия, Жаңа Зеландия және кейін, Жапонияны кіргізу идеясын ұсынды. Бұл мемлекеттік құрылым оның мүшелері арасындағы еркін сауда айналымын қамтамасыз етіп, олардың арасындағы кедендік тосқауылдарды толық жою еді[12, 45].

Осы жоспардан кейін 1967 жылы Жапония тынық мұхит бассейнінде аймақтың дамыған капиталистік мемлекеттерімен қоса АҚШ, Канада, Австралия, Жаңа Зеландия елдерінің бизнесмендерінің – халықаралық ұйымы болып санатын - Экономикалық кеңес құру идеясын ұсынды.

Осы кезеңде жапон саясаткерлері де аймақтық ұйым құру арқылы, оны саясаттандыруға қызығушылық танытты. Ал кейбіреулері Азия масштабында әскерилендірілген ұйым құру идеясын ұсынды. Осы кезеңде өзінің Пан- Азия идеясын ұсыну арқылы «Азия-Тынық мұхит бірлестігін» ұйымдастыру идеясын ұсынған танымал жапон идеологы М. Кадзима ерекшеленді.

1960 жылдары конференциялар бірлескен аймақтық ұйым құру мәселелеріне арналды. Осы конференцияларда Азия Тынық мұхит аймағы елдерінің бірігуінің таза ұлттық идеялары да ұсынылды. Бұл конференцияларға АҚШ, Канада қатыспағандығы таңданарлық жағдай емес еді[13, 85]. АҚШ пен Жапония арасындағы экономикалық қатынастардың шиеленісуі (1969-1971 жж «тоқыма соғысы» текстильная война), 1974-1975 жж. экономикалық дағдарыс Токионың Қытай жағына қарай көңіл бөлуі аймақтық Азия-тынықмұхит ұйымы идеясын құруға деген қызығушылықты төмендетті.

1970 жылдардың ортасында Тынықмұхит бірлестігін құру тақырыбы жаңа күш алды. 1978 жылы Номура ғылыми-зерттеу институты дайындаған арнайы баяндамада, ғаламдық экономикалық жүйе ретінде Тынықмұхит бірлестігін қалыптастыру идеясы ұсынылды. Бұл идея 1977 жылғы Манилада ұсынылған «Фукуда доктринасы» деген атпен Жапонияның әскери держава атанудан бас тартуы арқылы аймақтық бағытты дамытуды көздеді. Ол АСЕАН мен Оңтүстік Шығыс Азия мемлекеттерімен ынтымақтаса отырып, конструктивті байланыс жасауды да ұсынды[14, 124].

Бұл ұйымға мүше болатын елдердің экономикалық ынтымақтастығы АҚШ, Жапония, Канада, Австралия, Жаңа Зеландия және АСЕАН елдерімен арада ең алдымен, энергетика және металлургиялық мәселелерді шешуге бағытталуы қажет еді. Кейінірек ұйымға Оңтүстік Корея, Гонконг, Тайвань да қосылуына мүмкіндік берілер еді.

Көрші КСРО мен Қытаймен арадағы қатынастарға келгенде, бұл жерде саясаттанушылар «бірдей деңгейдегі дипломатия» немесе, «динамикалық теңестіру» концепциясын ұсына отырып, Жапонияға ерекше мән беретін мемлекетпен ғана жақындасу керектігін айтты. Мұнда кеңес-қытай қатынастарының шиеленісуі ескерілді. 1979 жылы үкіметте «Тынықмұхит бірлестігі шеңберін» жөніндегі ұсынысты бекітіп, тынықмұхит елдерін экономикалық және мәдени негізде біріктіру керек деген пікір ұсынған арнайы топ пайда болды[15].

Бұл бірлестіктің мүшелері: Жапония, АҚШ, Канада, Австралия, Жаңа Зеландия сияқты дамыған капиталистік мемлекеттер, сонымен қатар АСЕАН-ға мүше: Индонезия, Филиппины, Таиланд, Малайзия, Сингапур қатысуы керек еді. КСРО мен Қытайдың да кіріп қалуы да ғажап емес. Алайда Мүше болуға тиісті мемлекеттер қайта-қайта қарастырылып, бірлестікке Гонконгтың, Тайваньның, және Латын Америкасы социалистік мемлекеттерін алып тастауға тура келді. Бірлестік батыс аймақтағы елдермен әртүрлі сауда байланыстарын жасауға ықпал етер еді.

Тынықмұхит бірлестігі идеясы премьер – министр М. Охира кезінде алға қарай жылжыды. Бірлестікке мүше елдермен арада келіссөздер жүргізілді. Бірақ М.Охира қайтыс болған соң, бұл концепцияны жүзеге асыру белгілі – бір уақытқа тоқтап қалды. Жапонияның жаңа премьері Судзуки мырза «ұлттық қауіпсіздікті кешенді түрде қамтамасыз ету» доктринасының жақтасы болып, кейін бұл Жапонияның сыртқы саясаты бағытының негізіне айналды.

Премьер-министрлер Судзуки (1980-1982 жж) және Накасонэ (1982-1987 жж) бірлестік қажет деген идеяны ұстанғанымен, шын мәніне келгенде, оны қалыптастыруды АСЕАН мемлекеттері мен жеке кәсіпкерлерге ұсынып, Азия-Тынық мұхит аймағында антижапондық пиғылдың өсіп кетпеуіне көңіл бөлді.

1985 жылы қаңтарда Лос-Анджелесте өткен жоғары деңгейдегі Р. Рейган мен Я. Накасонэ кездесулерінде «тынықмұхиттық бірлестік» құру мәселесі төңірегіндегі мәселе күн тәртібіне бірінші рет қойылды. Осындай ұйымдарды басқа ел аймақтарында құру қажеттігі жөнінде шешім қабылданып, егер «бірлестік» құрыла қалған жағдайда оған топтық мазмұн беріп, экономикалық, мәдени және ғылыми-техникалық байланыстар орнатуға қатаң келісімдік міндеттер қабылдау міндет емес, және ол әскери, саяси мақсат қоймауы қажет деп есептелді. «Бірлестік» құрудан бас тартудың негізгі себептерінің бірі – бұл идеяға аймақ елдерінің келеңсіз қарауы себеп болды. Әрі ол елдер АҚШ пен Жапония диктатына бағынышты болып қаламыз деп қауіптенді. Бірнеше апта өткеннен кейін, Я. Накасонэ өз интервьюінде «Жапония мен АҚШ бұл аймақтың мемлекеттеріне өз үстемдігін орнатуды көздеп отыр деген түсінік дұрыс емес. Аймақ халықтары біз ұлы шығыс-азиялық аймақты тағы да гүлдендіруге ұмтылып отырғанымыз жоқтығын түсінуі қажет» деп түсіндіреді.

1987 жылы Жапонияның Сауда өнеркәсіп палатасының президенті Н.Гото «Азия-Тынық мұхит аймағы масштабы кең, онда орналасқан мемлекеттердің ұстанатын бағыттары әртүрлі, сондықтан «тынықмұхит бірлестігі» идеясын жүзеге асыруды асықтырудың қажеті жоқ, оның алдағы ғасырда жүзеге асуы мүмкін деген болжам жасайды. Әрі аймақ елдерінің ресми емес саяси және экономикалық ынтымағы бұрыннан құрылып, жұмыс істеу үстінде деп мәлімдейді.

1965 жылы Азиялық даму банкі құрылып, оның қорының бестен екі бөлігі АҚШ пен Жапонияға теңдей етіп бөлінді. 1968 жылы Тынықмұхит бассейнінің Экономикалық Кеңесі бекітілді. Оған негізінен Азия-Тынық мұхиты аймағындағы елдермен қатар латын – америкасы елдерінің кейбіреуі енсе, бір жыл өткен соң сауда мен даму жөнінде Тынықмұхит конференциясы шақырылды. Оның жұмысына осы аймақ елдерінің экономистері қатысты. Бұл ұйым негізінен кеңесші және үйлестіру міндеттерін атқарып, инвестицияларды ұсыну, сауда мен өнеркәсіпті дамыту жөнінде нұсқаулар берді. 1980

жылы Тынық мұхиты экономикалық ынтымақтастығы жөнінде конференция (КТЭС) ұйымдастырылса, 1992 жылы ол Кеңес болып құрылып, ол осы аймақтағы экономикалық саясатты үйлестіруші ресми емес органға айналды. Конференция жұмысына осы аймақтың саяси, академиялық, іскер топтарының өкілдері қатысты. 1986 жылы Қытай мен Ресей қабылданды.

1990 жылы желтоқсанда Малайзияның премьер – министрі Махаткир ЕЭС-ке кірмейтін елдердің саудасын ырықтандыру мақсатында, Шығыс Азия елдерінің Экономикалық елдері тобын құруды ұсынды. Оған АСЕАН, Жапония, Оңтүстік Корея, Қытай, Тайвань, Гонконг және Бирма, Вьетнамды кіргізуді ұсынды. Ал өзін осы экономикалық топтың ресми емес басшысы етуді ұсынды.

1980-ші жылдары бұл идеяға АҚШ көңіл бөле бастаған кезде Жапон мемлекеті керісінше оған деген саясатын бәсеңдете түсті.

1980-ші жылдары – ақ Жапония АТА елдерімен арадағы сауда айналымында АҚШ-ты екінші орынға ығыстырып, олардың экономикасына инвестицияларды құйып, қаржы, технологиялық көмек көрсетті. Бүгінде әрбір азиялық мемлекеттерге беріп отырған Жапонияның экономикалық көмегі бюджеттік шығынның 15-20 пайызына дейін жетіп, бұл жапондық ықпалдың артуына әкеліп отыр.

1990-шы жылдары Жапонияның геосаяси моделі «пан-жапондық» күйге айналып, ол негізгі екі жақтылықты ұстануда: Жапонияның негізгі әріптесі және одақтасы АҚШ және болашақта дамитын Азия-тынық мұхит аймағы. Қазіргі кезеңде Жапонияның саясаты екі бағытта жүргізілуде, ол АҚШ және тынық мұхит аймағы.

1992 жылы жапондық сауданың Азия мемлекеттерімен арадағы көлемі 161,9 млрд долл. құрап (104,4 млрд. долл.- экспорт, 57,5 млрд. долл., импортты) немесе ел саудасынның жалпы көлемінің 28,3 пайызын алып отыр. Оның ішінде 60 пайыздан артығы Азия мемлекеттерінің «төрт айдаһарына айналып отырған – Оңтүстік Корея, Тайвань, Гонконг және Сингапурдың үлесіне тиеді.

Жапон инвестициялары АТА-да өсу үстінде. Бірінші орында объектілерге инвестицияларды құюда Қытай, онан кейін Индонезия мен Таиланд алады. Жапония компаниялары қызығып отырған аймақтың бірі – Вьетнам. 1992 жылы Жапония Вьетнамға деген көмегін жандандырып, 370 млн. долл. құйды.

1991 жылы АСЕАН мемлекеттері басшыларының Манилада өткен кездесуінде Жапония АТА-ға кіретін мемлекеттері мен Жапония, АҚШ, Австралия, Канада өкілдерінің қатысуымен қауіпсіздік мәселесі төңірегінде аймақтық форум өткізу идеясын ұсынды. 1992 жылы жапондықтардың ұсынысын АСЕАН мемлекеттері қолдап, сол жылы Маниладағы кездесуге көрсетілген мемлекеттермен қатар Ресей, Қытай, Лаос және Вьетнам мемлекеттері де қатысты.

1993 жылы АСЕАН мемлекеттеріне жүрген сапарларында К. Миядзава «Миядзава доктринасын» жариялап, аймақ елдерін «америка-жапондық одақ негізінде және АСЕАН ішінде аймақтық бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайтуды қолдауға шақырып», Жапония қандай болмасын талқылауға қатысуға дайын екендігін атап өтті. Жапония Үндіқытайды дамытуға арналған форум және АТА-мемлекеттеріне қару-жарактың экспортын бақылау мәселелеріне байланысты конференция өткізу керек деген ұсыныс жасады. Жапондықтар кеңес – американо-азиаттық конфронтациясы АҚШ-тың күштерін осы аймақтан алып кетіп, ол аймаққа вакуум туғызуы мүмкін. Оны толықтыратын экономикалық және әскери жағынан қуат алып келе жатқан Қытай басуы мүмкін деп қауіптенді. Бүгінде Жапонияның аймақта жетекші орын алуы басқа тынықмұхит елдерінің мүдделерімен атап айтқанда АҚШ, Қытаймен байланысып жатыр. Алайда Жапония таза азиялық сауда ұйымын құрудан ресми түрде бас тартып отырса да, оның аймақтағы белсенділігі АҚШ-тың кейбір мүдделеріне қарс бағыттталып отыр. Жапония

АҚШ-қа қарағанда Вьетнаммен қарым-қатынастарды орнатуға мүдделі. Вашингтонға қарағанда, Бирма мен Қытайдағы адам құқықтарын қорғау саясаты жайлы аз ойлайды.

Жапон лидерлері Токио Азияда жетекші рөлге ие болуға тырысып отырған жоқ, әрі аймақтағы жапон мүдделері американдықтарға қарама-қайшы келмейді деп түсіндіруге тырысады. Алайда АҚШ басқаша ойлайды. «МиядзаваДоктринасы» американ-жапон әскери-саяси одағына тиесілі болса да Жапония мен АҚШ арасындағы түсінбеушіліктерге әкеліп, Жапония американдықтардың арқасында өзінің аймақтағы белсенділігін нығайтуға тырысуда деп түсінеді.

АСЕАН елдері Жапонияның милитаризациялануынан қауіптенсе де, оның аймақтағы жетекші рөлге ие болуына келіседі. Жапондықтарға қарсы АСЕАН-ғы сезімнің терең тамыры жоқ. Азия - Тынық мұхит аймағында жетекшілік рөлге жапон капиталы мен технологиясына мүдделі болса да Қытайдың ғана бақталаса алуы мүмкін. Қытай Жапонияны негізгі бақталасы ретінде санайды. Әрі Қытай үшін аймақтағы жапондықтардың ықпалының артуы Батыстың Жапондықтардың күшімен Азияны өзіне мүдделі етуі мүмкін деп түсінеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Фусанаби Е. Депрессивная дипломатия Токио. //Знакомьтесь-Япония,-04.26.2000
- 2.Г.Б. Рахманова. Внешняя политика и проблемы. М., 2000.
- 3.Бунин В.Н. Новый этап в развитии японо-американского союза безопасности (на рубеже XX-XXIвв)- М., 1997.
- 4.Комиссина И.Н. Япония и Центральная Азия: партнерство набирает силу// Центральная Азия и Кавказ-1999.-№2(3).
- 5.Носов М. Япония и внешний мир: вступая в мировое сообщество //Знакомьтесь-Япония,-09.6.1997.
- 6.Туудлепп А. Японский внешнеполитический потенциал: цели, достижения, задачи. //Знакомьтесь-Япония,-10.12.2001.
- 7.Вербицкий С.И. Японо-американский военно-политический союз- М.: Наука, 1972.
- 8.Иноуги Т. Японская внешняя политика в условиях американской однополярности. //Знакомьтесь-Япония,-13.11.2000.
- 9.Кистанов В. Внешняя политика Японии на рубеже веков. //Знакомьтесь-Япония,-17.10.1998.
10. К. Харада. Кокурэн кайкаку то Нихон-но якувари (Реформа ООН и роль Японии). Токио, 1995.
- 11.Судзуки М. Процесс углубления взаимопонимания создает базу для новых японо-российских отношений. //Проблемы Дальнего Востока,-12.01.2001.
- 12.Кунадзе Г. Острова без мостов. Заметки о внешней политике Японии. //Новое время. №2956-21.07.2002.
- 13.М. Юрин. «Азия и Африка сегодня»- М., 1990.
- 14.Зайцева О.Г. Международные правительственные организации. М., 1993.
- 15.Г.Б. Рахманова. Современный терроризм, состояние и перспективы. М., 1998.
- 16.Петровский В.Е. Азиатско-Тихоокеанские режимы безопасности после «холодной войны»: эволюция, перспективы российского участия. М.,1998.
- 17.Крупянко М.И. Япония после «холодной войны» политика обеспечения национальной безопасности. М.,2001.

Аннотация

Формирование азиатско-тихоокеанской идеи во внешней политике Японии

Б.С. Аймбетов¹, Р.Т. Айтбай²

¹КазНУ им. аль-Фараби, ²Казахский государственный женский педагогический университет
(г.Алматы, Казахстан)

Одной из ценностей сегодняшнего мира является сохранение мира. С этой целью страны преследуют цель создания международных организаций на основе общих интересов и претворения их в жизнь. На нынешней политической арене безопасность Азиатско-Тихоокеанского региона напрямую связана с безопасностью, территориальной целостностью и независимостью государств в этом регионе. Есть основания для целостного поднятия проблемы региональной безопасности В

частности, уроки холодной войны ясно показывают, что безопасность не может быть решена исключительно военными средствами. Поэтому во внешней политике Японии этот регион занимает особое место.

Ключевые слова: Япония, Азия-тихоокеанский регион, экспансия, влияние, репарация, договор, внешняя политика, объединение, азияцентризм.

Annotation

Formation of the Asia-Pacific Idea in Japan's Foreign Policy

B.S. Aimbetov¹, R.T. Aitbai²

*¹Al-Farabi Kazakh National University, ²Kazakh State Women's Teacher Training University
(Almaty, Kazakhstan)*

One of the values of today's world is the preservation of peace. To this end, countries pursue the goal of creating international organizations on the basis of common interests and their implementation. In the current political arena, the security of the Asia-Pacific region is directly related to the security, territorial integrity and independence of states in this region.

There are grounds for a holistic raising of the problem of regional security. In particular, the lessons of the Cold War clearly show that security can not be solved solely by military means. Therefore, in the foreign policy of Japan, this region occupies a special place.

Key words: Japan, Asia-Pacific region, expansion, influence, reparation, treaty, foreign policy, unification, aziasentrism.

ПЕДАГОГИКА – ПСИХОЛОГИЯ, PEDAGOGY – PSYCHOLOGY

ГТАХР 14.29.05

ЗИЯТЫ ЗАҚЫМДАЛҒАН БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ЖАҒДАЙЫ

К.Ж. Бектаева¹, М.З. Увалиева¹

¹Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті
(Алматы қ., Қазақстан)

Аннотация

Дене шынықтыру тәрбиесінің мазмұны оқушыларды дене шынықтыру мәдениетінің әр түріне, адам денесінің оның ақыл-ой, сезім, еріктерімен үйлесімді дамуын қамтиды. Арнайы зерттеулерде зияты зақымдалған балалардың көптеген жағдайда қозғалыс саласының аномалды дамуымен үйлеседі деп есептеледі, оның қалыптасуы әлемді танудан, сөз сөйлеуден, еңбек дағдыларынан бөлінбейді, сондықтан, зияты зақымдалған балалардың жеке басының әлеуметтенуі үшін оның қалыптасу деңгейі маңызды рөл атқарады.

Тірек сөздер: Дене шынықтыру, зияты зақымдалған, бастауыш сынып оқушылары, зияты зақымдалған балалар.

Түзетілген оқыту және тәрбиелеу жүйесіндегі физикалық тәрбиелеу – бұл өмірлік маңызы бар қозғалыс дағдыларын қалыптастыру, денешынықтырумен жүйелі түрде айналысуын жалпыландыру, моторика мен физикалық даму кемістіктерін түзету, денсаулықты нығайту және қоғамдағы өмір мен қызмет етуге дайындау мақсатында, ақыл ойында кемістігі бар оқушының жеке тұлғасына кешенді әсер ету. Физикалық тәрбиелеу жүйесіне осындай кешенді бағыт психофизикалық дамуына ауытқулары бар тұлғаларға жан-жақты көмек көрсету қажеттігімен анықталды.

Зерттеудің өзектілігі: жеңіл зияты зақымдалған қатысты қазіргі заманғы мемлекеттік саясаттың негізіне арнайы мектеп түлектеріне өмір сүру әрекетінің оптимальді деңгейіне жетуге мүмкіндік беретін кешенді (кәсіптік, әлеуметтік) оңалту жатады. Кәсіптік және әлеуметтік оңалту бұл адамдарға еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болуына мүмкіндік береді.

Зерттеудің мақсаты: зияты зақымдалған бастауыш сынып оқушыларының дене тәжірибесін ерекшеліктерін анықтау тұжырымдамасы және әдістемесін теориялық тұрғыда негіздеу, әдістемелік жағынан қамтамасыз ету.

Зерттеудің міндеттері:

1. Зияты зақымдалған оқушылардың дене тәрбие тәжірибесін теориялық негіздерін анықтау.

2. Арнайы мектеп бастауыш сынып оқушыларының дене тәрбие тәжірибесін анықтаудың әдіс-тәсілдерін жүйелеу;

Экспериментке қолданған әдістеме: «Бастауыш сынып оқушылардың дене тәрбиесінің ерекшеліктерін зерттеу»

Әдістеменің авторлары: А.А. Дмитриев, Сермеев Б.В., 2014 ж. т.б.

Әдістеменің мақсаты: Зияты зақымдалған бастауыш сынып оқушыларының дене тәрбиесінің ерекшеліктерін анықтау.

Әдістеменің сипаттамасы:

- мұғалім жаттығуды түсіндіреді, көрсетеді;
- сосын жаттығуды 2-3 рет қайталайды;
- жаттығуларды жасау барысында оқушыға әр түрлі көмек көрсетіледі

(әдебиетті талдау нәтижесінде, біз осы қорытындыға келдік: оқушылар жаттығуларды жасағанда, әдіскерлер жоғарыда берілген әдістемені қолданады).

Экспериментке қатысқан балалардың жасы, саны: бастауыш сынып оқушылары (4 сынып 11-12 жас), 22 оқушы: 12 ұл, 10 қыз, F 70.

Эксперимент жүргізілу уақыты – 20-25 минут, яғни бір жаттығуға 2-3 минут берілді.

Дмитриев А.А. және Сермеев Б.В әдістемесі бойынша оқушылардың көрсеткен нәтижелерін үш деңгейге бөліп қарастырдық:

Жоғары деңгей - берілген жаттығуларды толығымен және өз бетімен дұрыс орындаған балалар жатқызылды. Яғни жаттығуларды жақсы түсінген, берілген уақыт ішінде орындай алған балалар. Бұл деңгейдегі балаларға белсендіруші және эмоционалдық көмек түрлері ғана қолданылды.

Орташа деңгей - бұл деңгейге берілген жаттығуларды орындауда бірнеше қателіктер жіберген, жаттығуларды толығымен түсінбеген балалар жатқызылды. Бұл деңгейдегі балаларға жаттығуларды орындау кезінде аздаған көмек көрсетілді.

Төмен деңгей – бұл деңгейге берілген жаттығуларды орындауда көптеген қателіктер жіберген, жылдамдықтары баяу, эксперимент жүргізуші тарапынан көп көмек қажет еткен балалар жатқызылды.

Жаттығулардың мазмұны:

Жүру – өмірлік маңызы бар қолданбалы қозғалтқыш әрекеттер екенін есінде сақтауы тиіс және оқыту кезінде осы әрекеттерді жеке көрсетудің зор маңызы бар.

Балалар үшін тізені жоғары көтеріп жүрген ауыр. Мұғалім көрсетеді, ал содан соң, оқушыларды орындарында тұрып, тізелерін жоғары көтеріп осы қозғалыстарды орындауды және содан кейін, алдыға қарай қысқа қадамдармен жылжиды көрсетеді.

Жүрісті әр түрлі қарқында, табанды әр түрлі қоюды тәжірибелеу қажет: әр түрлі тұру қалыптарында табанның ішкі және сыртқы жақтарында; заттармен: гимнастикалық таяқпен, кіші шеңбермен, волейбол немесе баскетбол добымен, жалаулармен, секіргішпен және т. б.

Жүгіру - ол баяу және жылдамдатылған нұсқада орындалады. Жүгіруге оқыту бірқатар қиындықтарды туғызады. Көптеген ақыл-ойында кемістігі бар оқушылар жүгірудің тағайындалуын түсінбейді, тыныс алуды реттей алмайды, шаршауды жеңу, қуат потенциалын бөледі.

Балалар жүгірудің дағдыларын қиын меңгереді, сондықтан, IV сыныптарда мүсінді сақтаумен, топпен және бір-бірден жүгірумен, 30 м қиылыста тосқауылдарды жеңумен, 2 минутқа дейінгі баяу жүгіріспен, доңғалақты және кездеспелі жүгіріспен оқытылады. Қиындықтар жүгірудің жаттығулардың көптеген түрлеріне жататындығымен түсіндіріледі (секірулер, лақтыру, ойындар), мұғалім оларға әр түрлі талаптар қояды.

Сондықтан да, түзету мектебінде жүгіруге тек қана табиғи шарттарда оқыту қажет, және табанда тік сызықты, еркін, жақсы мүсінмен, санды жоғары көтеріп, табанды параллель қойп жүгіру дағдылары қалыптаспағанға дейін, басқа ешқандай өзгерістерді енгізуге болмайды.

Секіру - 4 сыныптарда оқушыларды тосқауылдар арқылы, аттау тәсілімен биіктікке, бір орыннан ұзындыққа, биіктікке, қадамнан биіктікке, аяқты бүгіп және нәтижеге секіруге қарқынды оқыту. Негізгі назарды мұғалім секіруді орындау техникасына, және әрине, нәтижеге аударуы тиіс. Жалпы талап - жерге дұрыс қону: тепе-теңдікті жоғалтпай, жеңіл. Бала жерге дұрыс қонуды, дұрыс «құлауды» орындау үшін, бастапқы кезде, оған кішігірім биіктіктен, «тереңдікке» секіруге оқыту қажет. Бұл қорқынышты жеңуге жәрдемдеседі.

Жүгіріңкіреп ұзындыққа және биіктікке секіруді оқыту кезінде, жүгіріңкіліктің өзіне назар аудару қажет. Сыныптарда орынды тағайындаусыз итермелеуге үйрету, бірақ, гимнастикалық маттан, секіру шұңқырынан алыс емес жерде, жерге дұрыс қонуға ерекше назар аудару қажет. Кез-келген секіруге дайындық жаттығулары ретінде (ұзындыққа,

биіктікке, тіреуішке) балаларда секіргіштікті, итермелеу күшін дамыта отырып, бір орында, қозғалыста бір-екі аяқта тұрып секіруді пайдалануға болады.

Лақтыру - мектеп оқушыларын кішкентай доптарды және басқа да жеңіл заттарды дәл және алысқа лақтырып үйрету. Сабақта лақтыруды біртіндеп және дұрыс қолдану арқылы қолдардың және иық белдеуінің және де толықтай бүкіл ағзаның сүйек-байланыс және жүйке-бұлшықет аппараттарын жақсы және талғамалы дамытуға болады. Лақтыру білезіктің, білектің, иықтың, иық белдеуінің, аяқ пен дененің нақты үйлескен қозғалыстарын; көзбен шамалау мен өз күшін өлшеу қабілетін шынықтырады.

Алайда төменгі сынып оқушыларының көпшілігі доппен күрделі қимылдар жасай алмайды, еденде шашылып жатқан доптарды қиындықпен жинастырады. Бірі допты түсіріп алудан қорыққандықтан оны қолымен қатты қысып ұстайды, екіншісі қолмен әлсіз қағып алатындықтан, үнемі қолынан шығып кете беретін допты ұзақ уақыт ұстап тұруға қабілетсіз.

Төменгі сынып оқушыларының көпшілігінің білезіктері доппен күрделі әрекеттер жасауға дайын емес деп айтуға болады. Міне сондықтан бағдарламада қол білезіктерін лақтыруға дайындауға ерекше көңіл аударылады, содан кейін ғана допты қағып алуға дайындайды. II сыныптан бастап орында және қашықтыққа лақтыру енгізіле бастайды. Көздеп лақтыруды III сыныптың соңында бастап, IV сыныпта жалғастырған пайдалы. Ол үшін қорытынды және дайындық жаттығуларын кеңінен жаттықтыру қажет.

Допты жөнелтуге, лақтыруға және қағып алуға баулу барысында балаларды кеңістік пен уақыттағы бағыттамаға дайындау қажет.

Берілген жастағы топтағы ақыл-есі кем мектеп оқушылары мұғалімнің нұсқауын өздігінше дұрыс қабылдайды және лақтыруды талап етілгендей орындауға тырысады, алайда жаттығудың өзін дұрыс жасай алмайды. Мысалы, допты аса биік емес лақтыру, аяқты иық кеңдігінде қою, еденнен доп кері серпілгеннен кейін оны қабылдап алу, бастапқы қалыпқа қайта оралу тапсырмаларында балалар үнемі қателеседі: допты өте жоғары 10-12 м дейін лақтырады, немесе керісінше, төмен 50-60 см. Сонымен қатар олар қалыптарын өзгертеді, қолдарын ұшып бара жатқан доп жаққа бағыттайды, бұл оларға допты уақытында қағып алуға немесе едендегі допты жылдам жинауға мүмкіндік бермейді. Бұл балалардың үйлесімділік мүмкіндіктерінің дамымағандығын көрсетеді. Көздеп лақтыруды мұғалім қашықтыққа лақтыруға дұрыс баулуға мүмкіндік беретін жаттығу ретінде қарастыруы керек. Лақтыру дағдыларын лақтыруға, қағып алуға қатысты қозғалыс ойындарында бекітуге болады. [1,2]


Қимыл-қозғалыс ойындары

Қимыл-қозғалыс ойындарын нақты сабақтарға бөлу барысында негізгі материалды оқытуға қойылатын дидактикалық талаптар және үйретілетін жаттығудың күрделілік дәрежесі басшылыққа алынады. Сонымен, егер сабақта негізгі жаттығу болып жүгіру немесе ұзындыққа, биіктікке секіру табылатын болса, онда лақтыру, доптарды қағып алу элементтері бар, түзету ойындарын пайдаланады. Егер балалар қағып алу, заттарды беру, лақтыру жаттығуларын орындайтын болса, онда жүгіру, секіру элементтері бар ойындар ұсынылады және де лақтыру, қағып алу дағдылары бекітіледі.

Баулуды сюжет бойынша және де спорттық толықтылығы бойынша қарапайым ойындардан бастау керек. Дамуында ауытқушылықтары жоқ құрдастары ойнайтын ойындарды біртіндеп қолданысқа енгізу қажет.

«Қимыл-қозғалыс ойындары» бағдарламасында ойындар ерекше қозғалыс әрекеттерінің белгілері бойынша бөлінген: жүгіру элементтерімен («Тез өз орындарына»; «Мысықтар мен тышқандар»); секірумен («Дәл секіріс», «Ордағы қасқыр»); лақтырумен («Бос орын»; т б қысқы ойындар («Мерген»; «Ақшақар»; «Қамал»).

Ойындардың түсініктемесі қысқа болуы тиіс, мұғалім өзі де ойынға қатыса алады. Мұғалімнің әрекетін бақылай отырып, балалар да солай әрекет етуге тырысады, бір нәрсе түсініксіз болса сұрайды.



Сурет 1. Зияты зақымдалған оқушылардың дене тәрбиесінің ерекшеліктері .
(жаттығулар бойынша зерттеу деңгейлері)

Интеллектісінде кемістіктері бар балалардың қозғалыс ерекшеліктерінің бұзылу қорытындылары 3 деңгейге бөлінді:

Жоғары деңгей - берілген жаттығуларды толығымен және өз бетімен дұрыс орындаған балалар жатқызылды. Яғни жаттығуларды жақсы түсінген, берілген уақыт ішінде орындай алған балалар. Бұл деңгейдегі балаларға белсендіруші және эмоционалдық көмек түрлері ғана қолданылды.

Орташа деңгей - бұл деңгейге берілген жаттығуларды орындауда бірнеше қателіктер жіберген, жаттығуларды толығымен түсінбеген балалар жатқызылды. Бұл деңгейдегі балаларға жаттығуларды орындау кезінде аздаған көмек көрсетілді.

Төмен деңгей – бұл деңгейге берілген жаттығуларды орындауда көптеген қателіктер жіберген, жылдамдықтары баяу, эксперимент жүргізуші тарапынан көп көмек қажет еткен балалар жатқызылды.

Арнайы (түзету) мектептері оқушыларының қозғалыс бұзушылықтарын түзету жөніндегі жұмыстың тиімділігі олардың әлеуметтік-еңбектік бейімделулерінің деңгейін белгілейтін негізгі факторлардың бірі болып табылады. Қозғалыс бұзушылықтарын түзету интеллектісінде кемістіктері бар балаларды физикалық тәрбиелеу тәжірибесінде іске асырылатын және олардың қозғалыс салаларының әлсіреуіне, жеңуге және жоюға бағытталған дидактикалық принциптер жиынтығы болып табылады.

Ақыл-ойында кемістігі бар оқушылардың денешынықтыру сабақтары кезіндегі түзету-тәрбиелеу жұмысын баланың жеке ерекшеліктерін есепке алып өткізу қажет. Сонымен қоса, қозғалыс бұзушылықтарын түзету процесінің мақсатты бағытталуы үшін сабақтардың әртүрлі формаларының өзара байланыстарын іске асыру, кері байланысқа ерекше назар аудару, арнайы мектеп оқушыларының физикалық дамуларының бұзушылықтарын және моторикаларын түзетуге арналған жүйелі амалды іске асыру қажет.

Оқушының жақсы функционалдық дайындығы оның физикалық жұмысқа қабілеттілігін, қозғалыстарды меңгерудегі ықтимал мүмкіндіктерді арттыратыны мәлім. Физикалық дайындықтың жоғары деңгейі балалардың танымдық белсенділіктерін арттыру факторларының бірі болып табылады, оқушының эмоционалды жағдайына зор ықпал етеді, баланың жеке басының сәтті әлеуметтенуіне жәрдемдеседі [3-7].

Өткізілген белгіленген эксперименттің нәтижесінде, біз келесідей ерекшеліктерді анықтадық: түзету мектебінің көптеген оқушылары дұрыс жүре, жүгіре, секіре, лақтыра алмайды және т.б. қозғалыстарды дұрыс жасай алмайды, оларды осы қозғалыстарға төменгі сыныптардан бастап арнайы үйрету қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Дмитриев А.А. Физическое воспитание учащихся вспомогательной школы// Воспитание и обучение детей во вспомогательной школе/ под ред. В.В.Воронковой. М.; Школа-Пресс, 1994.
2. Дмитриев А.А. Коррекционно-педагогическая работа по развитию двигательной сферы учащихся с нарушением интеллектуального развития. М., 2004
3. Дульнев Г.М. Учебно-воспитательная работа во вспомогательной школе.- М.-Просвещение, 1981г.
4. Козленко Н.А. Особенности двигательных нарушений у учеников вспомогательной школы и коррекция их средствами физической культуры . дис. Канд.пед.наук.- Киев 1962 г.
5. Качашкин В.М. Методика физического воспитания- М.- Просвещение,1972 г.
6. Маковецкая Г.П. Дене тәрбиесі. Әдістемелік құрал 1992 ж.
7. Харабуга Г.Д. Теория и методика физического воспитания. М., ФиС 1974 г.

Аннотация

Состояние физического воспитания учащихся с интеллектуальной недостаточностью

К.Ж. Бектаева¹, М.З. Увалиева¹

¹*Казахский государственный женский педагогический университет
(г.Алматы, Казахстан)*

Содержание физической подготовки включает в себя развитие физической культуры учеников с помощью различных видов физической культуры, человеческого тела с его ментальными, эмоциями и волей. В специальных исследованиях дети с умственными недостатками часто связаны с аномальным развитием моторики, и его образование не изолировано от мира распознавания, речи и труда, поэтому уровень образования детей с умственными недостатками важен для их социализации.

Ключевые слова: Физическое воспитание, дети с физическими и умственными недостатками, дети с умственными недостатками, ученики начальной школы.

Annotation

The state of physical education of students with intellectual disabilities

K.G. Bektaeva¹, M.Z. Uvalieva¹

¹*Kazakh State Women's Teacher Training University
(c. Almaty, Kazakhstan)*

The content of physical training includes the development of the physical culture of pupils with the help of various types of physical culture, the human body with its mental, emotions and will. In the special researches children with mental defects are often related to anomalous development of industry of motion, and his education is not isolated from the world of recognition, speech and labour, therefore the level of education of children with mental defects is important for their socialization.

Keywords: physical education, children with physical and mental defects, children with mental defects, students of initial school.

ҒТАХР 14.35.01.

**ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҒЫНДА ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАРДЫҢ АДАМ
АҒЗАСЫНА ТІГІЗЕТІН ЖАЛПЫ ӘСЕРІ МЕН ТИІМДІЛІГІ**

М.Ж. Бүркітбаева¹

¹*Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті
(Алматы қ., Қазақстан)*

Аннотация

Мақала дене шынықтыруды дәрiптеу арқылы оқушыларға спортты насихаттау, сонымен қатар қарастырылып отырған мәселенің өте қажет екенін түсіндіріп жеткізу. Денсаулықты сақтауға, оны нығайтуға спорттың маңызы зор болып табылады. Сондықтан осы мәселені шешуде дене шынықтыру сабағында құрал-жабдықтардың қажеттілігі шынайы және қажетті болып табылады.

Тірек сөздер: дене шынықтыру, жаттығулар, жүгіру, жүру, секіру, гимнастикалық қабырға, гимнастикалық отырғыштар, жгут.

Дене шынықтыру әрбір адамның жұмыс істеу қабілетін тиімді және ұтымды түрде жоғарылатуға бағытталған. Осыған байланысты дене шынықтыру жүйесінің жақсы дамуы бүкіл халықтың әлеуметтік жағдайының жақсаруына ерекше әсер етеді.

Денені шынықтыру жан ұядан бастап, балабақша, мектеп, орта және жоғары оқу орнында, өндірістік ұжымдарда өткізіліп, мемлекеттік тұрғыдан қамқорлық көрсетіліп отырады. Дене шынықтыру адам тәрбиесіне тигізетін әсері мен заңдылықтарын жете білу бүгінгі ұстаздың алдында тұрған негізгі міндеті. Еліміздің алдыңғы дамыған 30 елдер қатарына енуі, дені сау еңбек етуге қабілетті адамдарымыздың көп болуына байланысты. Ғылым мен техниканың дамуына байланысты көптеген қол жұмыстары ой еңбегімен алмастырылып дененің қимыл-қозғалыстары азаюда. Оқушылардың теледидар алдында көптеп отыруының өзі де дененің қозғалыс сапаларының шектелуіне өсуіне әкеліп соғуда. Осы келеңсіз жағдайларды шешудің бір жолы дене шынықтыру сабақтарының тиімділігін арттыру. Ол үшін дене шынықтыру сабақтарына оқушының дене қабілеттерін арттыруға арналған қосымша құрал-жабдықтарды ұтымды және орынды пайдалану пайдалы болып келеді.

Дене шынықтыру жаттығу сабақтарымен күнделікті айналысу тек қана шыдамдылық, күш, жылдамдық сияқты қасиеттерді дамытуға септігін тигізіп қоймайды, сонымен бірге адам мінез-құлқының дұрыс қалыптасуына үлкен ықпал етеді. Дене шынықтыру жаттығулармен шұғылдану процесінде, әсіресе спорттық жаттығулар процесінде жігерлілік, өжеттілік, ерік, еңбекке құштарлық, табандылық, адамның күнделікті өмірі мен қоғамдағы қызметінің керекті тәртіптілікті қалыптастырады.

Құрал-жабдықтарды қолдану сабақтың эмоционалдық тұрғыдан жоғары деңгейде өтуіне әсер етеді.

Іс жүзінде қолданылып жүрген дене жаттығуларының, құрал-жабдықтардың бірнеше түрлері бар. Олар көлемі мен мазмұнының әртүрлі болуына байланысты бір-біріне ұқсамайды, дене жаттығуларының мазмұны қимылдың негізгі құрылысын құрайды, бұлар өте күрделі және жан-жақты болып келеді. Дене тәрбиесі жаттығуларының құрал-жабдықтардың мазмұнын негізінен қозғалыс істеріне кіретін қимылдар мен жаттығудың денеге тигізетін әсерімен, тиімділігімен анықталады.

Қимыл-қозғалыстардың қарапайым түрі - жүру. Жүру жаттығулары, оның ішінде табанның сыртқы, ішкі қыры, өкше, аяқтың саусақтары, яғни ұшымен жүргенде, табандағы бүкіл ішкі ағзадағылардың басқару нүктелеріне әсер етіп, оларды орындалатын жұмысқа дайындайды. Көптеген мамандардың айтуы бойынша дене шынықтыру жаттығуларының ішіндегі өте тиімді, көптеген бұлшық ет топтарына, ішкі құрылыс органдарына, физиологиялық жүйеге белсенді әсер етуші осы «жүру» деп танылуда. Жүру кезінде ауыртпалықты жедел түрде өзгертуге болады, сонымен қоса жүрудің бірнеше түрлері: серуендеу, жедел және әртүрлі қарқындағы спорттық жүрістер. Олар құрал-жабдықтарды қолдана отырып әртүрлі жағдайда (сатымен жоғары, төмен; таудан тауға, құмды-тасты жерлермен, сумен т.б.) орындалуы қозғалыс белсенділігінің көлемімен қамтамасыз ету бұл жағдайда денені таныс ауыртпалыққа үйретпеу.

Ауа райының өзгеруіне қарамай күнде жаяу жүруді әдетке айналдыру керек. Ол үшін: аяндап, серпінді және спорттық жүріспен орташадан жоғарғы қарқынды жүру. Жүргенде ішті тартып, иықты түзеп, басты түзу ұстап жүру керек. Жүрістің түрлері: аяқтың ұшымен, өкшеден бастап саусаққа дейін толық басып, аяқтың ішкі, сыртқы қырымен, жүру қарқынын өзгерте, қашықтықты ұзарту түрлерін пайдаланып отыру керек. Денеге түсетін ауыртпалық күніне 1 сағаттай, жүру кезіндегі негізгі шарт ширақ қозғалып, батыл адымдау. Денеге түсетін ауыртпалықты көтеру үшін сатымен көтерілу, екінші баспалдақты баспай үшіншісінен басу, бұл жаттығу аяқтың күшін дамытады, өкшенің сырт жағы қалыптасып,

табанның жалпақтануы азайып, буындардың қозғалысы жақсарып, арнайы төзімділік дамиды. Сатымен көтерілгенде қарапайым ережелер сақталуы керек, олар: баспалдаққа аяқты толық басу; арқаны түзу ұстау; қарынды ішке қарай тартып, баспалдақ басушы аяқты толық түзетіп, аяққа қарамау керек. Демді біркелкі алып, демігу басталған болса, қозғалыс қарқынын азайтып, қозғалыс пен тыныс алу бір сарында орындауға тырысу қажет. Сатыға көтерілу жүрісін өзгертуге болады, кезекпен оң жақпен қырындап, одан соң сол қырынмен, шалыс жүріс, көзді жұмып, артқа шегіншектеп жүру т.с.с. Мұндай жүріс түрлері шаршағандықты ұмыттырып, көңілін көтеріп, күні бойғы келеңсіз жағдайлардың маңыздылығын әлсіретеді.

Жүгіру. Жүгіру жаттығуларының негізгі мәні адам ағзасындағы, бұлшық еттермен бауырдағы қандарды айналымға шығарып жүрек, өкпе, қан тамырларының жұмысын жылдамдатып жұмыс істеу қабілетін біртіндеп көтере бастайды.

Құрал-жабдықтарды қолдана отырып ағзаға тиімді жүгіру жаттығуларын орындауға болады.

1. Баяулап жүгіргеннен кейін атыла жүгіруді жалғастыру (10-12 мәрте). 8-10 метрді әдеттегі желе жортып жүгірген соң, оқушы 20-30 метр бөлікте баяулап жүгіруге көшеді, содан кейін өзіне өзі команда беріп, 15-20 метрге атыла жүгіреді.

2. Әріптестің артынан жүгіру (10-12 мәрте).

3. Жұптаса жарысу (10-12 мәрте).

4. Әріптес ұстаған резеңке бұнаманың созылғыштығын пайдалана отырып старттық адымды орындау.

5. Старттық адым және қарсыласушы әріптестің иығына қол тіреп денені еңкейту.

6. Қолды ағашқа тіреп, бір орында жүгіру.

7. «ат болып жегіліп ойнау» жаттығуы – делбе ұстаушының әлсіз қарсылығын жеңу жүгірісі.

Жүгірістен соң берілетін жүрістер, яғни спорттық қалыппен жүру, одан соң жай жүру дененің қалыпқа келу жағдайын жылдамдатады. Негізгі мақсат денені қыздыру, ендігі мақсат дененің буындары мен иілімдеріне әсер ететін жалпы денені дамытатын жаттығулар қолданылады. Жаттығуларды орындау аяқ жақтан немесе бас жақтан басталады.

Керме, гимнастикалық қабырға құрал-жабдықтарын қолдана отырып ағзаға тиімді иілгіштік жаттығуларды орындауға болады.

Керме жабдығын қолдана отырып оқу комбинацияларын орындау.

А) Керме жабдығына оң жақпен тұрып оң аяқты жоғарғы кермеге қойып оң жаққа иілу әрекеттерін жасау. Б) Әріптеспен бірге жоғарғы кермеге отырып, төменгі кермеге аяқтарды тіреп шалқайып қайта бастапқы қалыпқа келу. Денені дамытып, денсаулықты нығайтуда гимнастиканың маңызы зор. Гимнастикалық жаттығулардың арнайы өзгешелігі жалпы денеге тигізер әсері үлкен.

Қоссырықта оқу жаттығуларын орындау элементтері: а) қолды таяныш ете бүгіле көтерілу, аяқтарды алшақ ұстай отыру, жауырынға тұрудан аударылып түсіп аяқты алшақ ұстай отыру, алға, артқа сермелу, қолдарды таяныш ете қимылдау, б) серіктестің көмегімен сырықтан ұстап тартылып көтерілу.

Гимнастикалық қабырғаның білте таяқшасын таяныш етіп екі аяқпен серпілу арқылы жоғары секіру. Ағаш текенің үстінде бүгіле етпеттей жатып, қолдармен гимнастикалық қабырғаның білте таяқшасынан ұстап, қатарластырылған аяқтардың тез сермелуімен артқа иілу.

Гимнастикалық қабырғаға серіктің көмегімен, тек қол күшін пайдаланып өрмелеп шығып, қайта түсу. Гимнастикалық қабырғаға ілінген аспа темірде бірнеше рет тартылу жаттығулары. Гимнастикалық қабырғаға ілініп тұрып аяқтарды тіке көтеру, және тізеге бүгіп көтеру жаттығулары.

Гимнастикалық қабырға құрал-жабдықтарын пайдаланып жаттығуларды орындауда оқушыларға оқыту, үйрету барысындағы ең күрделісі өрмелеу әдісі. Өрмелеу әдісінің екі түрі бар: 1- ең алдымен сол қол, оң аяқ, содан кейін – оң қол, сол аяқ арқылы жоғары өрмелеп жылжиды. 2- ең алдымен сол аяқ, сол қол, содан кейін – оң аяқ, оң қол арқылы жоғары өрмелеп жылжиды.

Белтемір құрал-жабдықтарын қолдана отырып ағзаға тиімді жаттығуларды орындауға болады.

I.а) белтемірдің бір жағын еңкейіп екі қолмен орташа биіктікке көтеру.

б) тік тұрып белтемірдің бір жағын екі қолмен жоғары биіктікке көтеру.

в) тік тұрып белтемірдің бір жағын екі қолмен оң жаққа, сол жаққа көтеру.

II.а) белтемірдің бір бөлігін (блины) екі қолмен еңкейген қалыпта орташа биіктікке көтеру.

б) тік тұрып белтемірдің бір бөлігін (блины) екі қолмен бастан асыра көтеру.

в) тік тұрып белтемірдің бір бөлігін (блины) екі қолмен бастан асыра оңға, солға, айналдыра көтеру.

III.а) гимнастикалық отырғышта шалқадан жатып гантельді екі қолмен бастан асыра ұстап көтеру.

б) гимнастикалық отырғышта шалқадан жатып гантельді екі қолмен кеуде тұсына көтеріп қайта төмен түсіру.

Гимнастикалық отырғыштарды пайдалана отырып ағзаға тиімді жаттығуларды орындауға болады.

- Екі гимнастикалық отырғыштарды бір-біріне параллель бағытта қойып, оқушылар сол отырғыштың үстінен жүріп өту қажет (бір аяғы бірінші, екінші аяғы екінші отырғышта).

- Параллель бағытта орналасқан отырғыштың үстінен етбеттеп жатып сырғанап жылжып өту.

- Отырғыштың үстінен секіріп өту, етбеттеп екі қолды отырғышқа тіреп, бір мезетте аяқ қолмен серпініп отырғыштың үстінен секіріп акробатикалық кілем үстіне орташа отырыста қону. Бұл жаттығу қатаң түрде жекелей және оқытушының бақылауымен орындалады.

- Аяқты соза орындық арқасына, гимнастика қабырғасы тақтайшасына тіреп, «қарлығаш» қалпынан еңкейту;

Осы құрал-жабдықтар арқылы орындалған жаттығулар оқушылардың тепе-теңдікті сақтау сапаларын тәрбиелеуде тиімді болып табылады.

Созылғыш резеңке жіп(жгут) құрал-жабдықтарын қолдана отырып ағзаға тиімді жаттығуларды орындауға болады.

а) Резеңке жіпті брусқа іліп екі ұшынан ұстап үш метрлік ара қашықтықта еңкейіп тұрып қол күші арқылы өзіне қарай тарту.

б) Созылғыш резеңке жіпті брусқа іліп екі ұшынан ұстап үш метрлік ара қашықтықта тік тұрып қол күші арқылы оңға, солға қарай тарту.

в) Резеңке жіпті брусқа іліп екі ұшынан ұстап үш метрлік ара қашықтықта теріс қарай тұрып қол күші арқылы алға қарай тарту.

Дене шынықтыру жаттығуларын, құрал-жабдықтарын ұдайы қолдану тыныс және жүрек тамыр жүйелерін жақсартады және артық салмаққа ие болмауына көмектесіп, бұлшық етінің жұмыс атқаруын арттырады. Дене шынықтыру және спорт оқушылардың қоғамдық белсенділігін қалыптастыруда үлкен педагогикалық мүмкіндікке ие болады.

Құрал-жабдықтар арқылы орындалған жаттығулар оқушылардың тепе-теңдікті сақтау сапаларын тәрбиелеуде тиімді болып табылады. Осылардың ішінде тұру, жүру, секіру, бұрылу сияқты тепе-теңдік жаттығулары бар. Аталған барлық элементтер тепе-теңдік сезімін дамытады, өйткені оларды еденге қарағанда басқа құрал-жабдықтарда орындау қиындық келтіреді. Тар және жерден біршама жоғары тұрған жабдықта тепе-теңдікті сақтай білу керек.

Адам физиологиясы тұрғысынан қарағанда дене тәрбиесі жаттығулары, құрал-жабдықтары ағзаның функционалды қызметі мен жұмыс істеу қабілетін арттырады.

Психологиялық көзқараспен қарағанда дене жаттығулары еркін қозғалыс болып саналады. Дененің жаттықтыру мүмкіндіктерінен қорытынды нәтиже алуда сананың көмегі өте зор. Өйткені жаттығуда қимыл-қозғалыс басқарылады, бағдарлама жасалынады, күш-жігер көрсеткіш сезіну мен психикалық дайындық шаралары іске асырылады.

Сонымен, қорыта келгенде, құрал-жабдықты пайдаланып жаттығуларды орындау оқушылардың ептілік, күш, тепе-теңдік сапаларын тәрбиелеуде тиімді болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Матвеев Л.П. - Общая теория спорта- М.: ФиС, 1997, -328с.
2. Есмағамбетов З. Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі. Қарағанды, 1995. -196 б.
3. Қуаныш Т.Ш. - Дене тәрбиесі теориясы мен әдістемесі. Алматы, 2002.
4. Рамашов Н.Р. - Гимнастикалық терминдер. Қарағанды, 1998.
5. Уанбаев Е. - Дене тәрбиесінің негіздері. Алматы "Саясат", 2000.
6. Әбділлаев Ә.К., Оңалбек Ж.К. Дене мәдениетінің ілімі және әдістемесі. Түркістан. 2004. -223б.

Аннотация

Общая ценность и эффективность применения спортивных приспособлений на уроке физической культуры и спорта

М.Ж. Буркитбаева

¹*Казахский государственный женский педагогический университет
(г.Алматы, Казахстан)*

Статья посвящена для учащихся путем содействия физической культуры, а также разъяснением важности обсуждаемого вопроса довести до детей, что спорт имеет важное значение для укрепления здоровья. Поэтому потребность спортивных приспособлений на уроке физической подготовки является реалистичной и необходимой.

